

МЕРЕКЕ АЙШЫҚТАРЫ

ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ ҚАЛҒАН ТҰЛҒА

ЖОЛДАУ ЖҮКТЕГЕН МІНДЕТТЕР



**ЫРЫС пен
ЫНТЫМАҚ
МЕЙРАМЫ**

2-бет



**ЕҢБЕГІ
ЕЛГЕ СІҢГЕН
ЕР**

4-бет

**МӘДЕНИЕТ САЛАСЫ
ЖАҢАШЫЛДЫҚТЫ
ТАЛАП ЕТЕДІ**

4-5-беттер

Ұлыстың ұлы күні – Әз Наурыз ұлтымыздың ұлық мерекесі. Молишьлықтың бастауы, берекесі. Күн мен түн, хан мен қараша, бай мен жарлығы теңестіріп жететін Жыл басын бабаларымыз сағына күтіп, жабыла көтеріп, ағыла жиналып, бағына балаған. Ақ түйенің қарынын жсарып, ақтан өзен ағызып, ақ тілегін жаудырып, ақ пейілімен ақтарыла қуанған.

Қуантып жеткен Наурыз еді...



ды драма театрының өртістері де қашандағыдай тойдың ажарын аша түсті. Осылай боларына әбден сеніп, дайын өнерпаздарға иек артып алған мәдениет саласындағы басшылар басқаша ойлану, іздену, жоспарлау, атқару жағына бастарын мүлде қатырмайтын болып алған сияқты. Наурыз тойы Жезқазғанда қашанда да кең тойланатын. Алашахан даңғылы, алғашқы құрылысшылар алаңы, театр аумағына бөліне тігілетін киіз үйлер санымен, салтанатымен шаттанбасына қоймайтын. Мен бұл жерде облыстық кезенді емес, қала болып шағындалған шақты еске алып отырмын. «Қазақмыс» корпорациясының қос қалаға қосатын үлесі де мол болатын. Кешегі той сол қалыптасқан дәстүрлі деңгейдің кішкентай макетіндей әсер қалдырғанын несіне жасырайын. Осының бәрінен қалалық әкімдік пен «Қазақмыс» қаладағы басқа да кәсіпорындармен қарым-қатынасы деңгейінің төмендегені анық байқалды. Тіпті, кейінгі кезде облыс-

Қасиетінен айналайын Әз Наурыз биыл Жезқазған жұртынан сүйінші сұрап, сүйсіндіріп, серпілтіп, желінтіп жетті. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа Жолдауында қайта ашылатын облыстар қатарында Ұлытау облысының аты аталғанда аймақ халқының қуанышы қойнына сыймай, жүрегі жарылардай қуанды. Бөріктерін аспанға атып, шашуларын әуелете шашты.

Ұлытау облысының орталығы болғалы тұрған Жезқазған қаласында Наурыз биыл ерекше салтанатты тойланатын болар деп күткендердің қатары қалың болғаны анық. Ол түсінікті де. Ширек ғасыр күткен қуанышты хабар халықты шын серпілтіп, мерекелік көңіл-күйге бөлеген-ді. Бірін-бірі құттықтаған, Президентке алғысын айтқан жандардың есебі жоқ! Бұлтың арғы жағында жасырынып қалған күннің шуағы жезқазғандықтардың көзінен төгіліп тұрды. Шексіз қуанғандары көрініп тұрды. Басқаларды қайдам маған Наурыз тойының ұйымдастырылу деңгейі қалалықтардың осындай аспандап тұрған көңілімен сәйкесе алмағандай көрінді. Бірден айта кетейін осы ештеп сын айтылғалы тұрған жолдарды жазарда екіойлы болып біраз кідіріп отырдым. Себебі қазір өздеріне өздері бес қойып алып, мақтан ғана естіп үйренген кейбір шенеуніктер ортақ іске жанашырлықтан туған шын сынының өзіне шыныдай шытынап, сынықтай сырықрайтын болып алыпты. Ренішті сөздерін жебей жаудыранды былай қойып, қызмет күзіндері арқылы аяқтан шалып, көкіректен итергендей әрекетке баруға бейіл әрі бейім екендіктері де қылаң беріп қалып жүр. Оның үстіне «Өзіңіз де әкім болдыңыз ғой, түсіністікпен қарасаңызшы» дегенді көлденең тарта қоятындары тағы бар. Үждеріне қосылмасаң да, тосыласың кейде. «Қарға да қарғаның көзін шоқымайды» деген еске түсіп екінің басылып-ақ қалады. Сонда деймін-ау бір кезде бір деңгейде қызметтес болып едік деп қаланы немесе ауданды дамытуға кері әсерін тигізіп, зиянды салдарға әкелуі мүмкін оқалықтарды да көріп тұрып байқамай, естіп тұрып айта алмауымыз керек пе? Онымыз жанашырлыққа жата қояр ма екен?! Өтірік мақтау, көпіртіп сөйлеу, лепіртіп ұрандатудың мемлекетімізді өркендетпейтініне көзіміз әбден жетті емес пе. Өткен өтті. Келмесе кетті. Оны несіне көкесіміз?! Жаңа Қазақстанды құруды әрқайсысымыз өзіміз жаңарудан бастағанымыз жөн шығар. Меніңше сол дұрыс сияқты.



Әз Наурызды тойлау барысында бес киіз үй қаланың үш алаңына бөліне тігілген екен. Нақты айтқанда әкімдік алдындағы Алаш алаңында екі, Кетбұқа ескерткіші жанында екі, «Наурыз» саябағында бір үй. Екі үйдің ауыл атануға саны да, саясаты да келе қоймайтынына кім де болса дау айтпас. Көшуге көлігі болмай жұртта қалған жабырқаулы жатақтың ауылындай кейіп көзге қораш көрінгенін жиналғандар айтысып та тұрды. Қысқартып айтқанда тойдың абыройын сәл-пәл көтерген салтанатты ашылу рәсімі болды. Қаламызда би ұжымдарының көптігі осындайда көмекке келеді. Қызылды-жасылды киінген биші арулар мен бүлдіршіндер көрерменнің көзін де, өзін де сүйіндірді. Шалғайдағы емес, маңдайдағы театр атанған С. Қожамқұлов атындағы саз-

тық бағыныштылыққа ауысқан білім беру, денсаулық сақтау салалары ортақ мерекеден сырттап та қалған тәрізді бір сезім бойымды биледі сырттан қарап тұрып. Ал, алаңда немересін жетелеп алаңсыз қидырыстап жүрген Жезқазған қалалық білім бөлімінің басшысы Жеңіс Әлмағанбетовты көргенде бұл ойымның дұрыстығына көзім жете түсті. Қылығы қарын аштырды. Жарайды қала әкіміне тікелей бағынатын жүйе өзгерсе өзгерген шығар. Бірақ, азаматтың туған жеріне, еліне деген пиғылы өзгермесе етті. Осы білім бөлімінің жауапкершілігіне берілген «Наурыз» саябағындағы шаралар ұят жағдайда ұйымдастырылды. Өнер көрсетуге барған оқушыларға ең болмаса паналайтын бір автобус берілмегендіктен олар дірдек қағып далада жүрді. Жалпы соңғы кезде айлығын басқа бюджеттен алғаны үшін өзін басқа елдің өкілідей ұстап, жергілікті билік иелерінің сөзін жүре тыңдағысы келетін басшылар көзге жиірек түсуде...

Дей тұрғанмен мерекенің аты мереке. Көз тойдырар береке. Наурыз тойланды. Көңіл жайланды. Енді осы көргендерімізден сабақ алайық. Ол үшін «Өз ақылым ақылақ, өзгенікі шоқырақ» деп тарта бермей кемшілікті мойындап, бар мен жоқты саралап, түзеуге бірлесе жұмылайық. Айдынымызды асыра, атағымызды шығара келген Жаңа жыл құтты, берекелі болғай.

Әнуар ОМАР.



ШЕТЕЛДІК БАҚ ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ ТУРАЛЫ:

ПРЕЗИДЕНТ ТОҚАЕВ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМАНЫ БАСТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 16 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауы ел өмірінің барлық салаларына түбегейлі өзгерістер жоспарын ұсынды. Алға қойылған міндеттердің ауқымдылығы Конституцияның 30-дан астам бабына өзгерістер енгізуді, 20-дан астам заң қабылдауды қажет етеді.

ҚазАқпарат агенттігі Қазақстан алдында тұрған міндеттерді шешуге бағытталған осы құжатқа баға берген танымал шетелдік қайраткерлер мен БАҚ пікірлерінің топтамасын ұсынады. ЭЫДҰ жаһандық қатынастар хатшылығының Еуразия бөлімінің басшысы Уильям Томсон Президент Жолдауында экономикалық реформалар бойынша да, мемлекеттік басқару бойынша да ЭЫДҰ жұмысымен үндесетін бірнеше маңызды тақырыптар бар екенін атап өтті. «Президент Жолдауындағы ең маңызды сөз – «Адамдардың әл-ауқатының өсуі шынайы бәсекелестік жағдайында ғана мүмкін болады» деген мәлімдеме. Бұл экономикалық салада да, саяси салада да терең шындық. Мемлекет басшысының адал және ашық бәсекелестікке, экономикада да, саясатта да жаңа монополияларды жоюға баса назар аударуын құптаймын. Бұл квазимемлекеттік кәсіпорындар мен ішінара мемлекет қатысатын мекемелерді реформалау, нарыққа шығу және бәсекелестік үшін үздік жағдайлар жасау жөніндегі ЭЫДҰ-ның Қазақстанмен жүргізілген және жүргізіліп жатқан жұмысына сай келеді. Президенттің бюрократияны жоюға және өз өкілеттіктерін қысқартып, аймақтық өкілеттіктерін нақты келісітуге баса назар аударуы да мақұлдауға лайық. «Жоғарыдан төмен» және микроменеджмент тәсілдері Қазақстан азаматтарына ел мұқтаж болып отырған осындай өсу мен дамуды қамтамасыз ете алмайды», – дейді У. Томсон. Оның пікірінше, реформалардың күн тәртібі өте ауқымды және оны жүзеге асыруға уақыт қажет. Көптеген мемлекеттер ЭЫДҰ-ның «Үздік өмір үшін үздік саясат» миссиясына сәйкес келеді және ұйым Қазақстанмен осы бағытта одан әрі жұмыс істеуге ниетті. Атлантикалық кеңестің аға ғылыми қызметкері Ариэль Коэннің пікірінше, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның алдағы жылдарға даму жолын белгілеуге арналған маңызды саяси баяндама жасады. Бұл «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» ретінде қаңтар трагедиясынан кейін жасалуы қажет маңызды қадам. «Атқаратын жұмыс әлі алда. Жеке мен үшін оның заң үстемдігін ілгерілету және саяси тергеулердегі азаптау тәжірибесін түбегейлі тоқтату қажеттілігіне баса назар аударуы заңгер ретінде маңызды. Алқа-

билер соты санының артуы – тағы бір маңызды аспект. Президент Қазақстанда құқық қорғау және сот жүйесін жетілдіру қажеттігін мойындайды. Экономиканы одан әрі дамыту мен халық қолдауы үшін көп нәрсе қажет. Сондай-ақ, адамдардың шерулер мен петициялар өткізуіне мүмкіндік беретін шаралар да айтылады – халық өз пікірлерін, наразылықтарын және шағымдарын білдіруі қажет. Одан бөлек, Қазақстанның ЭЫДҰ мүшелігіне өтуі барысында әрі қарайғы демократиялық реформалар ең маңызды сөз – «Адамдардың әл-ауқатының өсуі шынайы бәсекелестік жағдайында ғана мүмкін болады» деген мәлімдеме. Бұл экономикалық салада да, саяси салада да терең шындық. Мемлекет басшысының адал және ашық бәсекелестікке, экономикада да, саясатта да жаңа монополияларды жоюға баса назар аударуын құптаймын. Бұл квазимемлекеттік кәсіпорындар мен ішінара мемлекет қатысатын мекемелерді реформалау, нарыққа шығу және бәсекелестік үшін үздік жағдайлар жасау жөніндегі ЭЫДҰ-ның Қазақстанмен жүргізілген және жүргізіліп жатқан жұмысына сай келеді. Президенттің бюрократияны жоюға және өз өкілеттіктерін қысқартып, аймақтық өкілеттіктерін нақты келісітуге баса назар аударуы да мақұлдауға лайық. «Жоғарыдан төмен» және микроменеджмент тәсілдері Қазақстан азаматтарына ел мұқтаж болып отырған осындай өсу мен дамуды қамтамасыз ете алмайды», – дейді У. Томсон. Оның пікірінше, реформалардың күн тәртібі өте ауқымды және оны жүзеге асыруға уақыт қажет. Көптеген мемлекеттер ЭЫДҰ-ның «Үздік өмір үшін үздік саясат» миссиясына сәйкес келеді және ұйым Қазақстанмен осы бағытта одан әрі жұмыс істеуге ниетті. Атлантикалық кеңестің аға ғылыми қызметкері Ариэль Коэннің пікірінше, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның алдағы жылдарға даму жолын белгілеуге арналған маңызды саяси баяндама жасады. Бұл «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» ретінде қаңтар трагедиясынан кейін жасалуы қажет маңызды қадам. «Атқаратын жұмыс әлі алда. Жеке мен үшін оның заң үстемдігін ілгерілету және саяси тергеулердегі азаптау тәжірибесін түбегейлі тоқтату қажеттілігіне баса назар аударуы заңгер ретінде маңызды. Алқа-

► 3-бетте

БӨРЕКЕЛДІ!

2022 жылдың 16 наурызын Ұлытау – Жезқазған өңірінің жұртшылығы жадында мәңгі сақтайтын болады. Өйткені, бұдан 25 жыл бұрын басымыздан ұшқан бақ дәл осы күні қайта келіп қонды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына жолдаған «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында елімізде жаңа облыс – Ұлытау облысы құрылып, оның орталығы Жезқазған қаласы болатынын мәлімдеді.

Иә, бұл аймақ тұрғындарының ширек ғасыр күтіп жүрген арманы еді. Ақыры қол жетті. Атауы қандай десеніңізші. «Ұлытау облысы!» Кешегі алты алаштың бірлігіне, ұлттың ұйысуына ұйытқы болған киелі де қасиетті жердің атымен аталатын болды жаңа облыс. Бұдан асқан қуаныш, бұдан асқан мерей бар ма?! Ендеше, бөркінді аспанға ат, шаттан Ұлытау мен Жезқазғанның жұрты.

Солдай болды да. Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау ауданы, Жезді кентінің белсенді, патриот азаматтарынан құрылған бастамашыл топ жаңа облысты ұлықтауға арналған автошеру ұйымдастырды. Оны қала, аудан әкімдері де қолда-



ды. Сөйтіп, 21 наурыз күні Жезқазған қаласынан шыққан автошеру Сәтбаев қаласы мен Жезді кенті

«ҰЛЫТАУ ҰЛАНДАРЫ» ҚОЗҒАЛЫСЫ

Ұлытау облысының құрметіне автошеру өткізді



арқылы өтіп, ұлт ұясы – Ұлытауға атбасын тіреді. 50-ге жуық автокөлік қатысқан шеру Ұлытау

облысы тарап, өңір Қарағанды облысының құрамына енген еді. Сол кезде «бұлай істеу дұрыс шығар» деп ойлағанбыз. Алайда, уақыт өте келе өңірдің тынысы тарылып, экономикалық та, әлеуметтік те әлеуеті төмендеп кетті. Жетім баланың күйін кешкендей болдық. Шүкір. Мемлекет басшысының кешегі Жолдауынан кейін, кеткеніміз келіп, кемісіміз толғандай болды. Ұлытау облысы құрылатынын, оның орталығы Жезқазған қаласы болатынын естіп жүрегіміз жарылардай қуандық. Облысқа қасиетті Ұлытаудың есімін бергені тіпті мерейімізді көтеріп тастады. Осы қуанышымыз ұзағынан болсын. Ұлытау облысы мәңгі жасасын, – деді өз сөзінде Төлеген аға.

Салтанатты шарада Ұлытау ауданының құрметті азаматы Қуаныш Бекілдеков, Серке Қожамқұлов атындағы Жезқазған сазды-драма театрының әртісі Досжан Жанботаев, мемлекеттік қызмет ардагері Станислав Филипович, «Ұлытау» газетінің директоры Ақжол Құрмансейіт және басқа да азаматтар сөз алып, осындай ақ түйенің қарыны жарылған қуаныш сыйлаған Мемлекет басшысына алғыстарын білдіріп, елді бірлікке, ынтымаққа шақырды.

Шарада сондай-ақ, аймақ айтыскерлерінің қолбасшысы Мұқаш Сейтқазинов жырдан шашу шашты. Өнерпаздар әуелете ән салып, шараның шырайын келтіре түсті. Шара соңында бастамашыл топқа ауданның абыз ақсақалдарының бірі Мағзұмбек Машайықұлы бата берді. Бұдан соң жиналғандарға арнайы ақ дастарқан жайылып, дәм берілді.

Сол күні «Ұлытау ұландары» патриоттық қозғалысының автошеруі Жезқазғанға келіп, «Алаш» алаңында алқалы жиын өткізді. Мұнда да бастамашыл топ Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына ақжарма тілектерін жеткізді.

МТ

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамын Сәтбаев қаласының тұрғындары мен қала қонақтары ерекше жағдайда тойлады. Екі жылғы пандемиядан кейін қайыра қауышқан ұлық мерекеле қаланың орталық алаңында ақшаңқан киіз үйлер тігіліп, қасиетті қара қазан ошаққа қойылды, ақ самауырлар әр үйдің жанында қайнап тұр. Алтыбақан тепкен балалар өз алдына маз-мәйрам болса, ақсақалды аталар мен ақжарма баталарын беріп жатты. Елге наурыз көже, балаларға тәттілер тегін таратылды. Көшеде өткен мәдени-көпшілік іс-шараны тамашалауға келген халықтың қарасы да көп болды.

ЖАҢА ЖЫЛ. ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН. ЖАҢА ОБЛЫС

2022 жылдың 22 наурызы осындай атаулы күндермен тарихта жазылып қалатын болды. Әсіресе, Ұлытау-Жезқазған жұртшылығы үшін бұл күннің маңызы ерекше. Жаңа жыл қарсаңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа кезекті жолдауын жариялап, онда жаңа Қазақстан құру жолындағы саяси реформаларды мәлімдеді. Сол реформалар аясында жаңа облыс – Ұлытау облысы құрылатыны да айтылды. Осылайша ақ түйенің қарыны жарылған Ұлыс күнін өңір жұртшылығы арқа-жарқа қарсы алып отыр. Ауа райының қолайсыздығына қарамастан, сәтбаевтықтардың, қалаға келген қонақтардың көңіл-күйі көтеріңкі болды. Академик Қаныш Сәтбаев атындағы даңғыл бойында тігілген тоғыз киіз үйдің ішінде жаулы дастарқаннан бөлек, колөнер шеберлерінің туындылары көрмеге қойылды.

Бұрыс пен ынтымақ мерекесінің шымалдылығы қаланың жазғы эстрада алаңында ашылды. Бұл жерде театрландырылған қойылымдар көрсетіліп, әуелете ән шырқалды. Мың бұралған бишілер мерекенің мәйегін келтірді. Мәдени-көпшілік шараны тамашалауға жиналған жұртшылықты қала әкімі Асқар Ыдырысов құттықтап, ақжарма тілегін жолдады.

– Ардақты ағайын, қадірлі жерлестер! Кешірім мен мейірімнің, үміт пен сенімнің, есесі биік елдіктің, іргесі сөгілмес бірліктің, ырсыз төгілмес тірліктің бастауы өз Наурыз берекелі де баянды болсын! Халқымыз қашанда «Жаңа жылдан жақсылық күт, келер күннен үмітінді үзбе» деген. Биылғы Наурыз мейрамы еліміздегі тарихи оқиғамен тұспа-тұс келіп отыр. Мереке қарсаңында Мемлекет басшысы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Осы Жолдауда Жезқазған облысының аумағында Ұлытау облысы ашылатынын мәлім болды. Қазақстан әлемдік өркениет көшінде өзіндік

Бұрыс пен ынтымақ мейрамы

Сәтбаев қаласында сән-салтанатымен тойланды

бет-бейнесі бар іргелі ел. Оны одан әрі дамыту мен өркендетудің сара жолдары айтылды Жолдауда. Әлем Қазақ елін тыныштықтың тілекшісі ретінде таниды. Осындай сәтте барымызды бағалап, ауызбіршілігімізді сақтап, елдің одан әрі өркендеуіне күш салуымыз керек. Мерейлі мерекеле баршаныңға амандық, отбастарыңызға бақ-береке тілеймін. Игі істеріңіз табыс әкелсін. Ұлыстың ұлы күні құтты, ақ мол болсын! – деді қала әкімі.

Асқар Абылайұлы мереке күні қаланың тұрғын үй кезегінде тұрған 16 отбасының баспаналы болғанын, әлігінде ғана 16 пәтерлік тұрғын үйдің лентасын қиып, пәтер кілттерін иелеріне салтанатты түрде тапсырғанын да тілге тиек етті.

Бұл күні «Қаракет» қайырымдылық қоры да кеншілер қаласының баспананаға мұқтаж көпбалалы тұрғынына пәтер кілтін ел алдында табыс етіп, бір отбасын шексіз қуанышқа кенелтті.

МОЛ ДАСТАРХАН. ТӘТТІЛЕР мен ШЫРЫНДАР. СПОРТТЫҚ ОЙЫНДАР

Мерекеге жиналған жұртшылықтың қай-қайсы болмасын құр ауыз тараған жоқ. Әр киіз үй-



Бұрыс пен ынтымақ мейрамы

Сәтбаев қаласында сән-салтанатымен тойланды

дің маңында наурыз көже мен бауырсақ тегін таратылды. Тіпті, киіз үйге шақырып дәм ауыз да тигізіп жатты. Мұның сыртында қаладағы мешіттердің ұйымдастыруымен арнайы дастархан да жайылып, елге наурыз көже, бауырсақ, палуа берілді.

Биылғы жыл «Балалар жылы» болғандықтан, бүлдіршіндер де назардан тыс қалған жоқ. Әр киіз үйде балғын бөбектерге тәттілер мен шырындар тегін таратылды. Атка мініп серуендеу, алтыбақан тебу олардың мейрамға деген қызығушылықтарын арттыра түсті. Тіпті арқан тартудан балалар арасында жарыс та ұйымдастырылды.

Жарыс дегеннен шығады, бұл күні саябақ алаңында ұлттық спорт түрлерінен сайыстар өткізілді. Әсіресе, кіртасын көтеру, қол күресі сияқты спорттық ойындарға сәтбаевтықтар белсенді қатысты. Жеңімпаздардың бәріне Наурыздың сыйлығы үлестірілді.

АҚЖАРМА ТІЛЕКТЕР АҒЫНЫ

Мерекені тамашалап жүрген жандардың бәріннің жүзі жарқын, көңіл-күйлері көтеріңкі. Бүгінгі ызғырық жел мен қабағын түйген бұлт та оларға еш әсер етпейтіндей. – Қаланың бас даңғылында ұйым-



дастырылып жатқан Наурыз мерекесін балаларымыз бірге тамашалап жүрміз. Мерекелік көңіл-күйім өте жоғары. Әсіресе, балаларға жасалып жатқан шараларға ризамын. Тегін тәттілер үлестіріп, бауырсақ пен наурыз көжені тоя жеп жүр. Халықтың көңілін көтеру үшін үлкен жұмыс жасалып жатыр. Ұлыстың Ұлы күнінде еліміз тыныштық тілеймін! Жаңа жылымыз әр үйге құт-берекесімен еңсін! – дейді өзін Таңатар деп таныстырған қала тұрғыны ағынан жарылып.

Бұл күні қалаға келген меймандар да аз емес сияқты. Солардың бірі жезділік Айжан апа да кеншілер қаласындағы мерекенің жылда жоғары деңгейде өтетінін айтты.

– Соңғы екі жылда тоқтап қалған ұлық меркені тойлау дәстүрі қайыра

жалғасып жатыр. Бұл үлкен қуаныш. Ең бастысы, берекемізді кетірген кеселден арылғандаймыз. Шүкір. Тәубе дейік. Екінші бір жүрек жарды қуаныш өңіріміздің облыс болып ашылатындығы. Міне, осы қуанышты жағдайда елдің бірлігі мен ынтымағын арттыратын мерекені барша қала жұртшылығымен бірге мен де тойлауға келдім. Жылда осында келемін. Сәтбаев қаласында Наурыз ерекше сипатта ұйымдастырылып жүр. Биыл бұл мерекенің сәуірдің ортасына дейін тойланатынын айтты әлгінде мерекені жүргізушілер. Өте дұрыс бастама. Еліміз аман болсын. Халықтың қамын ойлайтын азаматтардың жұмысына табыс тілеймін. Наурыз мерекесі әрбір отбасына құт-береке әкелсін.

P.S.

Екі жыл бойы есті алған пандемиядан кейін ел ұлттық мерекеле әбден шөліркеп-ақ қалған екен. Мезгіл кіші бесінге таянса да жұрттың алаңнан тарқар түрі жоқ. Той қызығы әлі басылар емес. Қылаулап қар жауып тұр. Мұны да ел жақсылыққа жорып жатыр. «Құдай қаласа биыл молшылық болады. Наурыз күні қар жасауса, егін мол шығады дейтін бұрынғылар» десіп жатыр ел. Әумин! Айтқандары келсін.

Беттің материалын дайындаған Ізтай БИТҚАЙҰЛЫ.



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ БАРША ҚАЗАҚСТАНДЫҚТЫ ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлыстың ұлы күнін көппен бірге қарсы алу үшін Алматы қаласына барды. Мемлекет басшысы орталық алаңда өткен мерекелік шараға қатысып, тұрғындарды ұлық мерекемен құттықтады. Президент алда ауқымды міндеттер тұрғанын айтты. «Жаңа жыл. Жаңа Қазақстан». Президент халықты іргелі істерді бірге атқаруға шақырып отыр. Президент сахнаға шығып сөз сөйлемес бұрын, қалың көпшіліктің арасымен жүріп, халықпен аман-саулық сұрасты.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті:

– Өз Наурыз – береке-бірліктің, шынайы жанашырлықтың және өзара қамқорлықтың мейрамы. Мен бүгін Ұлыс күнін өздеріңбен бірге қарсы алу үшін Алматы қаласына арнайы келдім. Алматы – Тәуелсіздігіміздің алтын бесігі. Халқымызға қайта оралған Ұлыс тойын мерекелеу осы қастерлі мекеннен басталған. Алматы – Қазақ елінің рухани, мәдени және іскерлік орталығы.

Алматылықтар үшін күнтізбелі жаңа жылдың бастауы оңай болған жоқ. Қаңтар оқиғасы кезінде қалың көпшілік есеңгіреп қалғаны рас. Енді өзіміздің төл жаңа жылымызда көпшілік тек игілік пен жақсылық болатынына зор сенім артады. Мемлекет басшысы да Алматыны дамыту ерекше назарында екенін айтты.

– Сын сағатта тұрғындар нағыз отаншылдықтың үлгісін көрсетті. Біз ауызбіршіліктің арқасында мемлекетімізді сақтап қалдық. Мен шаһарды қалпына келтіру үшін құзырлы органдарға нақты тапсырмалар бердім. Алматыны өркендету және жергілікті жұрттың тұрмыс сапасын жақсарту менің айырықша назарымда. Қазір біздің алдымызда зор міндеттер мен ауқымды жұмыстар тұр. Оны жүзеге асыруға алматылықтар барынша атсалысады деп сенемін.

Ескіні есіркеп, жаңаны жарылқайтын халқымыз енді өткеннен онеге алып, болашаққа ұмтылуы маңызды. «Жаңа Қазақстанды құру дегеніміз тек мемлекет аппаратын жаңғырту емес, бүкіл қоғам, әрбір адам өзгеруі керек», – деді президент.

– Бүгінгі алмағайып, құбылмалы заманда береке-бірлікті, тұрақтылықты сақтай білу өте маңызды. Алдымызда зор міндеттер тұр және ауқымды жұмыстар бар. Бір ел, бір халық болып Жаңа Қазақстанды бірге құрайық. Құрметті жастар, бірге жұмыла еңбек етейік. Тұғыры мығым, бірлігі бекем еліміз жасай берсін.

Иә, жаңа Қазақстанға қадам басу үшін әрбір азамат өзгеруі керек деді президент. Мемлекет басшысының сөзінен кейін көпшіліктің рухы биіктей түскенін алаңдағы жұрт тұтас сезінгендей. Мерекелі күнде көпшіліктің көңіл-күйі де берекелі.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ АЛМАТЫДАҒЫ БІРҚАТАР ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДЫ АРАЛАДЫ



Алматыдағы мерекелік шарадан кейін Мемлекет басшысы шаһардың бірқатар әлеуметтік нысанын аралады. Мегполистегі білім мен спорт және кәсіпкерлік саласында атқарылып жатқан жұмыстармен танысты.

Алматының оқушылар сарайы 83-жылы есігін айқара ашқан. Сәулетті архитектуралық нысан 40 жылда күрделі жөндеу көрмейті. Был жаңғыртудың алғашқы кезеңінен өтіп, заманға сай жана үйірмелер ашылып жатыр. Балалардың 3D модельдеу, анимация, робототехникаға деген қызығушылығы зор. Болашақ

технократтардың іргетасы осындай жерде қаланады.

Әлихан, оқушы:

– Осы компьютерді өзімнің қолыма алып нешетүрлі фантазиямен ертегілерді түсіруді бастадым. Және де осы ертегілерді жақын-

да жарыққа шығарамын деген ойдамын. Шетелдің анимациясын көп қараймын. Мысалы нетфликс деген компанияның анимациялары маған қатты ұнайды. Және де бұл жерде өзімнің фантазияммен солардың жетістігіне жетсем деген оймен келіп отырмын.

Мемлекет басшысы жас өрендермен әңгімелесіп, жетістіктеріне куә болды. Балалардың білімге деген ынтасын аша түсу үшін соңғы үлгідегі телескоп пен автобусты сыйға тартты.

АЛЫП ШАҺАР ЕЛІМІЗДЕГІ СПОРТҚА ЕҢ ЖАҚЫН ҚАЛА ДЕГЕН АТАҚҚА ТАЛАСУҒА БАР

Алматы олимпиада мен азия, әлем чемпиондарының ордасы. Алатау баурайында әлемдік, құрлықтық жарыстар да дүркін-дүркін өтіп тұрады. Енді қаланың спорттық инфрақұрылымына тағы бір заманауи кешен, үстел теннисі орталығы қосылды. Мұнда жаттығу жасауға, түрлі сайыс өткізуге толық жағдай жасалған. Қонақ үй, дәмхана, жаттығу залы бар.

Ерсұлтан ЕРЖАНҰЛЫ,
жоба жетекшісі:

– Бүгінгі күні бұл жерде профессионал ретінде турнир өткізуге 12 стол дайындалған. Бір мезгілде 200 спортшыға өткізуге мүмкіндік бар. Және де Қазақстан орен өткізуге бүкіл жағдай жасалған.

Ғимараттың бой көтеруіне бір жыл ғана уақыт кеткен. Енді мұнда жас өрендер шыңдалып, болашақ чемпиондар дайындалады. Президент ракеткалардың біріне қолтаңбасын қалдырып, жас спортшымен теннис ойнады.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАҢТАР ОҚИҒАСЫ КЕЗІНДЕ ЗАРДАП ШЕККЕН ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Қасым-Жомарт Тоқаев қаңтар оқиғасы кезінде бұзақылардың шабуылына ұшыраған Алматыдағы «Asia Park» сауда ойын-сауық орталығына барды.

Президентке зардап шеккен кәсіпкерлер тарапынан түскен өтініштердің бәрі қарастырылып жатқаны туралы мәлімет берілді. Жергілікті әкімдіктің ақпаратына сәйкес, қазір барлығы 1236 өтініш қолдау тапқан. Жалпы 6,191 млрд теңге көмекке бөлінді. Сонымен қатар жуық арада шығын көлемі шамамен 20 миллиард теңге болатын тағы 170-ке жуық өтініш қаралатыны айтылды.

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев зардап шеккен орта және шағын бизнес өкілдерімен кездесті. Мемлекет тарапынан шығыны өтелген жеке кәсіпкерлер қолдау көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

Президент шағын және орта бизнеске қолдау жалғасатынын, зардап шеккендердің шығыны өтелетінін жеткізді. Мемлекет басшысы кәсіпкерлермен кездесуден кейін нысандағы қалпына келтірілген сауда нүктелерін аралады.

Қаңтар оқиғасы кезінде талай кәсіпкер шығынға бақты. Олардың басым көпшілігі Алматы қаласында. Президент олармен арнайы жүздесіп, қалыпқа келген нысандарды көрді. Тәртіпсіздіктер кезінде, әсіресе сауда орталықтарында орналасқан дүкендер қатты зардап шекті. Дегенмен кәсіпкерлер аз ғана уақытта бәрін қалпына келтіріп, жұмысын жалғастырып жатыр. Мемлекет те шағын және орта бизнес иелерін бұл жағдайда жалғыз қалдырмай, шығынын өтеп берді.

Серік ҚАДЫРОВ, кәсіпкер:

– Қаңтар оқиғасы кезінде 99 пайыз сауда орындарым зардап шекті. Тоналды, қиратылды. Бүгінгі күнге толықтай жұмыс істеп тұр. Шығынды толықтай жүз пайызға алдық. Тез уақытта, тез арада берілетініне өзім сенбедім.

Қазір кәсіпкерлерге 6 миллиардтан астам теңге көмек берілді. Президент шағын және орта бизнеске қолдау жалғасатынын, зардап шеккендердің шығыны өтелетінін айтты.

Материалдар ұлттық арна сайтынан алынды.

MT

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ – СЕНІМГЕ СЕРПІН

ШЕТЕЛДІК БАҚ ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ ТУРАЛЫ:

ПРЕЗИДЕНТ ТОҚАЕВ

КОНСТИТУЦИЈАЛЫҚ РЕФОРМАНЫ БАСТАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте).

«Алғашқы қадам ретінде Үкімет тәртіпсіздік жасады деп айыпталғандарға қатысты полицияның сотқа дейін өз қызметін асыра пайдалануы туралы шағымдарды тергеуге уәде берді. Оларды анықтау тәртіпсіздіктердің әр қатысушысына тағылған айыптарды жақсы түсіну үшін қажет деп саналады. Екіншіден, мемлекет әрбір азаматтың толыққанды құқықтық қорғалуы өте маңызды деп санайды. Осы уақытқа дейін заңда жетімдерге, мүгедектерге және көп балалы аналарға тегін құқықтық көмек қарастырылған. Алайда, ұсталғандардың көпшілігі жұмыссыз, жартылай жұмыс істейтін қызметкерлер немесе студенттер, олар қорғаныс қызметтеріне ақы төлей алмайды. Сондықтан Үкімет адвокаттардан көмек сұрады, олардың кейбіреулері айыпталушыларға ақсыз негізде көмектесуге келісті. Сонымен бірге, бірнеше ҰЕҰ ауыр жағдайдағы айыпталушылардың сот шығындарын төлеуге дайын екенін айтты. Ақырында, мемлекет айыпталушының себептерін анықтау үшін медициналық, психиатриялық және психологиялық сараптама ұсынады. Қазақстандық режим – бұл еуропалық республика емес, демократияландыру процесіндегі жас мемлекет. Қазақстан небәрі 30 жыл бұрын тәуелсіздік алды, ал демократиялық қайта құрулар уақытты қажет етеді. Еуропа тарихы – мұны ең жақсы дәлелі. 2022 жылдың наурыз айының ортасында жариялануы тиіс тергеу нәтижелері бізге осы дағдарыстың себептері мен Президент Тоқаев

бекіткен реформалардың сипаты туралы көбірек айтып береді», – деп жазды Луи де Брей. Францияның «Les Echos» газетінде 16 наурызда Клод Фуркенің «Қазақстан: Президент Тоқаев конституциялық реформаны бастағысы келеді» атты мақаласы жарық көрді. Мақала басында Қасым-Жомарт Тоқаев парламент билігін күшейтіп, мемлекет басшысы мен оған жақын адамдардың саяси және экономикалық саладағы ықпалын шектеуді ұсынғаны айтылған. «Қазақстанды дүр сілкіндірген тәртіпсіздіктен үш ай өткен соң президент Қасым-Жомарт Тоқаев конституциялық реформалар сериясын бастау туралы шешім қабылдағанға ұқсайды. Осы сәрсенбіде парламент алдында сөйлеген сөзінде ол үкімет тез арада қарастыру керек бірнеше бағытты атап өтті. Халыққа Жолдауында Қасым-Жомарт Тоқаев президент өкілеттігін шектеп, парламентке көбірек салмақ салғысы келетінін алға тартты. Осылайша, өзінен бұрынғы Нұрсұлтан Назарбаевқа өз билігін нығайтуға мүмкіндік берген кейбір тәжірибелерден бас тартты», – деп жазылған мақалада. Автор Президент Тоқаевтың алдымен парламенттің салмағы көбірек болатын саяси жүйені дамыту үшін президенттің өкілеттіктерін реформалауды қалайтынын айтты. Осы мақсатта ол қазіргі президенттің саяси партияның мүшесі бола алмайтынын ұсынды. Сондай-ақ парламентарийлер сайлауын реформалау жолдарын алға тартты. Атап айтқанда, президент тікелей немесе жанама түрде тағайындайтын депутаттар немесе сенаторлар санын қысқарту

– алдағы уақытта депутаттардың 70 пайызы пропорционалды, 30 пайызы мажоритарлық дауыс беру арқылы сайланады. Сол сияқты Қ. Тоқаев елдің саяси өмірінде плюрализмді қамтамасыз ету үшін жаңа партияларды тіркеуге жағдай жасауды ұсынып отыр. Тіркеуге қажетті ең аз саны қазір 20000 болса, оны 5000-ға дейін қысқарту керектігі айтылды. Оған қоса, Президент 1990 жылдардың басында басқалармен біріктірілген үш облыстың қайта құрылатынын хабарлады және Конституциялық сотты қалпына келтіруге шақырды, Прокуратура және Адам құқығы жөніндегі уәкіл туралы конституциялық заңдар қабылдау қажеттігін атап өтті. Мақалада Президент Қ. Тоқаевтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейтуге қатысты тапсырмаларына да көңіл бөлінген. Мысалы, президенттің отбасы мүшелеріне саяси лауазымдарды атқаруға, мемлекеттік компанияларды басқаруға заңнамалық тыйым салынады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қазірдің өзінде жүріп жатыр. Өткен аптада полиция қаржы жымықу фактісі бойынша тергеу аясында Нұрсұлтан Назарбаевтың туыстарының бірін қамауға алды, сонымен қатар бұрынғы президенттің отбасына қатысты бар кәсіпкер де құрықталды. Қалай болғанда да, Президент Тоқаев оппозиция тарапынан сынға ұшыраған бұл реформалардан тезірек өткісі келетін сияқты», – деп түйінделі Клод Фурке. Ал «Secret Défense» порталы 18 наурыз күні «Қазақстан өзінің демократиялық жаңғыруын нығайтып келеді» атты редакциялық мақаласын жария-

лады. «Secret Défense» оқырманға биылғы қаңтар айындағы Қазақстандағы оқиғалар туралы еске сала отырып, Президент Қ. Тоқаевтың Жолдауына комментарий береді. «Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында қаңтар айына дейін де басталған саяси реформаларды нығайту бағдарламасын түсіндірді. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы қазірдің өзінде күшіне енді, содан кейін 2021 жылы өлім жазасын жою бастамасы көтерілді. Президент жариялаған бағдарлама конституциялық сипатқа ие: парламентшілердің 70%-ы пропорционалды негізде, 30%-ы мажоритарлық негізде сайланатын болады; партия мүшелерінің ең аз санын 20000-нан 5000-ға дейін азайту арқылы жаңа саяси қозғалыстарды тіркеуді жеңілдетумен қатар, Мемлекет басшысы 1990 жылдардың басында біріктірілген үш аймақ қайтадан бөлінетінін мәлімдеді», – деп жазды Secret Défense. Сондай-ақ, мақалада Қ. Тоқаевтың Мемлекет басшысының құзыретін шектеп, Парламенттің өкілеттігін кеңейтуді қалайтыны туралы мәлімдемесі айтылады. Атап айтқанда, Президент бұдан былай саяси партияның мүшесі бола алмайды және тікелей өзі тағайындайтын депутаттар немесе сенаторлар саны азаяды. «Secret Défense» редакциясы Қ. Тоқаев ұсынған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды тізіп, Қазақстан Президентінің: «Өзгерісті әркім өзінен бастауы тиіс. Біз жеке және қоғамдық құндылықтар жүйесін қайта жүктеуіміз керек» деген сөзін келтіреді.

Kazinform

MT

Өмірде адам баласына санаулы ғұмыр берілсе де, қамшының сабындай ғана ғұмырында артында өшпес із қалдырып, өмір жолдарына зер салған сайын зердең ашылып, қызыға қазбалай түсетін жандар болады. Солардың қатарында өнегелі өмірі, өрелі ісімен, азаматтық-адамгершілік болмысымен соғына жарқын із қалдырған Жезқазған – Ұлытау өңірінен шыққан тұңғыш журналист, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Журналистер одағының мүшесі, Жезқазған телестудиясының бас редакторы болған Әбілқасен ӘМІРАЛИННІң туғанына 110 жыл толып отыр.



ЕҢБЕГІ ЕЛГЕ СІҢГЕН ЕР



Әбілқасен ӘМІРАЛИН зайыбы Марқабә БАРЖАҚСИНАМЕН

Еңбек жолын небәрі 14 жасында комсомол қызметінде кісі 19 жасында партия қатарына өткен. Жастайынан еңбекке араласып, Қарсақбай ауданының «Қызыл кенші», Ұлытау ауданының «Коммунизм туы», Қарағанды облысының «Советтік Қарағанды» газетінің бөлім меңгерушісі, Ұлытау аудандық «Сталин туы» газетінде редактор қызметтерінде болған. 1954 жылы Ұлытау ауданының партия комитетінің екінші хатшысы болып тағайындалып, 1962 жылға дейін осы қызметте болып, 1962 – 1972 жылдары Жезқазған телевидениесінде бас редактор қызметінен құрметті зейнет демалысына шыққан. Зайыбы өз қатарындағы қыздардың сұлуы болған Марқабә Елемесқызы Баржақсинамен бақытты ғұмыр кешкен.

1937 – 1938 жылдары болған жаппай қуғын сүргінде бұл кісі де «Анти-советтік ұйымның нұсқауы бойынша екі жақты мақалаларды газет беттеріне шығарды, үкіметке қарсы жұмыстар жүргізді» деген жаламен қамауға алынып, Қарсақбайдағы Домзак жер кепесіне жабылған. Екі тілді де жетік меңгергендігінің арқасында Бүкіл-одақтың төрағасы Калининге хат жазып, нәтижесінде тергеу ісін тоқтату туралы қаулы қабылданған. 1990 жылы толығымен ақталып шыққан.

Әбілқасен Әміралин публицистикалық шығармашылықпен белсенді айналысқан. Қаламгер шығармаларының алтын арқауы – Жезқазған, Қарсақбай, Жезді, ондағы өндірісті өмір тынысы мен еңбек адамдарының тағдыры. «Жамалым жаным, амалым наным», «Жөкей сот», «Май сасыса түз себер, түз сасыса не себер» атты мақалалары мен фельетондары әлі ел аузында.

1943 – 1944 жылдары бүкіл Қазақстан бойынша ақындар айтыстары өткізіліп, бұл бастамаға Қарағанды облысы бірінші болып ат салысқан. Балқаш өңірінің ақыны Шашубай

мен Қарсақбайдың ақыны Болманның айтысын ұйымдастырып, өткізуге Әбілқасен Әміралин ағамыз белсене араласқан. Осы жылдары белгілі карт ақын Иманжан Жылқайдаровпен өзі де айтысқан. Алпысыншы жылдар соңында Жезқазған телестудиясының бастамасымен Оңтүстік Жезқазған кеніші мен Солтүстік кеніші ақындарының және Қарсақбай мыс қорыту зауыты мен Жезді марганец басқармасы ақындарының телевизиялық айтыстары өткізілген. Бұл, Әбілқасен ағаның студия қызметіне қосқан үлкен қолтаңбаларының бірі екені даусыз.



Оқушылармен кездесу, ортада Ә. ӘМІРАЛИН және Даңқ орденінің толық иегері Ж. ҮНШІБАЕВ

1981 жылы нақты фактілермен естеліктерге құрылған, Жезқазған-Ұлытау өнеркәсіпті ауданының тарихын баяндайтын экономикалық-әлеуметтік тарихи очерттен тұратын «Арқада туған алып» атты кітабы «Қазақстан» баспасынан жарық көрді. Кейіннен, 2011 жылы өлкетанушы, шежіреші Асқар Ермақбайұлының құрастыруымен «Ұлытау кітапханасы» сериясы бойынша Қарсақбай-Жезқазған кенді өңірі өнеркәсібінің қалыптасуы, экономикасының дамуы, оның жұмысшы тобының жасампаз өмірі көркем баяндалған «Арқада туған алып» атты кітабы қайта толықтырылып, басылып шыққан. Бұл кітапта қаламгердің өлеңдері, айтыстары, очерктері мен ой толғаулары, хаттары, жеке архивінен табылған деректері және қаламгердің шығармашылығы жайлы пікірлер мен лебіздер жазылған. Оның барлығында өткен тарихтың таңбалары, сол уақыттың тынысы, еңбек ардагерлерінің тағдыры жатыр. Журналистің кез-келген туындысы адам бойындағы ізгілік, махаббат, инәбаттылық, қайырымдылық, адамгершілік сияқты асыл қасиеттерді, пендешілік, арамзалық, өмірдің көлеңкелі жағында бұқпанталай, өз пайдасы үшін басқаны құрбандыққа шалуға даяр тұратын тұрақсыздық тақырыптарына құрылған.

Жезқазған қаласының мемлекеттік архивінде тұрақты сақтауға қабылданған №507 жеке тектік қорында 1941 – 1989, 2011 жылдарды қамтитын жеке құжаттары, шығармашылық қызметіне

қатысты құжаттары енгізілген. «Арқада туған алып» кітабының шығуына байланысты Әбділда Тәжібаев, Мұхамеджан Қаратаев, Төрегелді Шарманов, Камал Смайыловпен хат алмасулары бар.

Өскеген ұрпағымыздың өлке тарихына деген қызығушылығын арттыру мақсатында, архив қорының жеке тектік қорының иесі, Кеңестік Социалистік Республикалар одағы Журналистер одағының мүшесі Әбілқасен Әміралиннің 110 жылдығына байланысты «Туған өлке-тұнған тарих» айдарымен «Қарымды қаламгер» тақырыбында өлкетану сабағы өткізілді. Оған қатысқан колледж студенттеріне ол кісінің өмірі, қызметі жайында ақпарат беріліп, жеке тектік қорымен, қор қоймаларымен танысты.

Өзіне жүктелген міндетті абыроймен атқарып, көптің алғысы мен ризашылығына бөленген, елге аға болған азаматтың еңбегі елеусіз қалмады. 2010 жылғы 13 мамырдағы №12/17 Жезқазған қаласы әкімінің қаулысымен және 2010 жылғы 16 шілдедегі № 24/293 қалалық мәслихаттың шешімімен қаламыздағы бұрынғы Дзержинский көшесіне Әбілқасен Әміралиннің есімі берілді.

А. ЖАҚАНОВА,
Құжаттарды ғылыми пайдалану, жариялау және мемлекеттік қызмет көрсету бөлімі басшысының м.а.

МӘДЕНИЕТ САЛАСЫ

Өнерін ұлттың жанына балаған халқымыз қашан да мәдениеттің мәйегіне үйір болып, рухани байлығын көзінің қарашығындай сақтаған. Тұрғындар мәдениетін қалыптастырып, өресін дамытуда жергілікті жауапты бөлімдердің ықпалы айрықша. Осы тұста Жезқазған қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Гүлзада ШОМАЕВАМЕН сұхбаттасып, көкейде жүрген сұрақтардың жауабын іздедік.



– Гүлзада Кәрібекқызы, жаңа жыл жақсылығымен еңгей. Артқа сәл иегінейікші. Өткен жылғы қандай маңызды іс-шаралар жүзеге асты?

– Меніңше, қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің жылдық жоспарына енгізілген шаралар мен жобалардың барлығы дерлік маңызды шаралар. Жоспарға сәйкес атқарылған мәдени жұмыстардың барлығының мақсаты біреу: ол – халыққа мәдени-сауық қызметін көрсету, жастарды рухани азық болатын әлемге тартып, баулу, жас дарындардың өнерін танып, насихаттау, қысқасы, осы шаралар арқылы кенді қаланың мәдени-рухани өмірінің қандай деңгейде екенін көрсету. Әлеуметтік-экономикалық табыстармен танылу өз алдына, алайда, ел мен жер, қала мен ауыл жайлы сөз бола қалса, алдымен тілге тиек болатын нәрсе – оның мәдениеті мен өнері, жарқ етіп шыққан дарындары өнерпаздары. Бұл – аксиома.

Ендеше қала мәдениетінің қандай деңгейде екенін танытатын табыстарымыз қандай, міне, осыны айта кетіміз керек шығар.

Қаламыздың мәдени және сауық мекемелерінде өткен жылы 1112 іс-шара өтті, оның ішінде 104 – қалалық деңгейдегі іс-шаралар. Іс-шаралардың көпшілігі еліміздің тәуелсіздігінің 30 жылдық торқалы тойының аясында ұйымдастырылды. Мәдениет және өнер инфрақұрылымын құрайтын 22 нысан бар десек, онда өткізілген 1112 іс-шара халыққа мәдени қызмет көрсетудің өлшемі бола алады деп санаймын. Әлем жұртын әбігерге салған індет, оның салдарынан туындаған түрлі әлеуметтік-экономикалық қиыншылықтардың салмағы

ныққа түсіп тұрған шақта біз халыққа қызмет көрсету шараларын тоқтатып тастаған жоқпыз.

Серке Қожамқұлов атындағы Жезқазған театрында қойылған 63 спектакль, Т. Қалмағанбетов атындағы Жезқазған филармониясының 20 стационарлық, 21 гастрольдік концерті, Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің ұйымдастырумен өткен кездесулер мен тақырыптық-танымдық көрмелер – қаланың мәдени өмірінің тоқтаусыз жүріп жатқанының дәлелі.

Табыстар бар ма? Бар.

Халық шығармашылығы мен көркемөнерпаздар өнерін дамыту мақсатында қаланың көркемөнерпаздар ұжымдарының халықаралық, республикалық, облыстық деңгейдегі фестивальдер мен конкурстарға қатысуына мүмкіндік жасалды. Осындай 20-дан астам байқауға қатысқан өнерпаздар ұжымы ауыз толтырып айтарлық жеңістерге қол жеткізді. Айталық, «Диндалле» корей халықтық ансамблі халықаралық би байқауында Бас жүлдені жеңіп алды. «Шашу» халықтық ансамблі «Turkestan Musik Festival» байқауында Бас жүлдені иеленді. «Шалқыма» ансамблі де халықаралық байқауға қатысып, дарынды бишілер додасында Бас жүлдені олжалады.

Өткен жылы халық шығармашылығын, колерін сақтау, насихаттау және одан әрі дамыту, сондай-ақ осы салада жүрген өнер адамдарының орындаушылық шеберлігін арттыру мақсатында бірінші рет «Сарыарқаның көпшілік мәдениеті» облыстық фестивалі өтті. Фестиваль байқауына облысымыздың қалалары мен аудандары қатысты. Байқау қорытындысы бойынша Жезқазған қаласы әзірлеген фольклорлық-этнографиялық бағдарлама Гран-Приге ие болды.

Өткен жылы С.Қожамқұловтың туғанына 125 жыл толуына, Серке театрының 50-ші маусымының ашылуына арналған бірқатар іс-шаралар өткізілді. Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында «Қазақ сахнасының ірі тұлғасы» атты фотокөрме ұйымдастырылды. Бұл жоба «Қазақстан-1» телестудиясында көрсетілді.

ҚР еңбек сіңірген қайраткері Жанат Хаджиев атындағы форум-фестиваль өткізілді. Жаңа форматта өткізілген форумда Қостанай, Шымкент, Көкшетау, Өскемен, Қарағанды және Жезқазғанның жас актерлері үшін шеберлік-сынныптары мен тренингтер өткізілді.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай қаламыздағы жазушы Батырбек Мырзабековтің «Аманат» романы жазылды және романның желісі бойынша «Төртеу түгел болғанда» эпикалық-драмасы (авторы Ф. Ештанаев) жазылды. Осы жұмыс барысында бөлім «Қазақтың Кетбұқасы» ҚБ-гі мен «Қазақмыс Корпорация» ЖШС-мен шығармашылық байланыста болып, нәтижесінде қала жұртшылығына желтоқсан айында жаңа қойылым ұсынылды.

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы, өлкетанушы Сүтменген Бүкіровтің туғанына 100 жыл толуына орай бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды. Кешенді бағдарлама аясында қала әкімдігінің қолдауымен тарихи-танымдық көрме, көрме аясында жаңа кітаптардың тұсаукесері, «Тұғыры биік тұлға» атты альбом-кітап пен «Музей ата» атты естеліктер жинағы жарық көрді.

«Жезқазғанның сөнбес жұлдыздар» жобасы аясында қала тарихында айтулы орындары бар тұлғалар Жезқазған қаласының Құрметті азаматы, мемлекет және қоғам қайраткері Жәлел Қалмағанбетовті, Жезқазған, Сәтбаев, Түркістан қалаларының Құрметті азаматы Жұмамади Ибадұлдулин, журналист, ақын, Ибрагим Бекмаханұлын, ақын, публицист, Зинаида Чумакованы еске алу шаралары өтті.

«Наурыз» саябағында ұлы ақын, ағартушы Абай Құнанбаевтың ескерткіші және «Абай тағылымы» кешенінің ашылуы – жыл жаңалығы.

2021 жылдың ерекше оқиғаларының тағы бірі – «Жошы хан» тарихи-мәдени кешенінің іске қосылуы. Бұл – республика жұртшылығының назарын аударған ауқымды жоба. Кешеннің ашылуына ҚР Президенті Қ. К. Тоқаевтың қатысуы аталмыш

жобаның тарихи-рухани құндылығының қандай екенін танытты.

– «Жезқазғандағы мәдениет саласының қарқыны баяулап қалды» деген пікірмен келісесіз бе? Бұрынғы ірі жобалар қайта жандануы мүмкін бе? Биыл қандай жұмыстар жүзеге аспақ?

– Әуелі осы сауалыңыздың алғашқы тармағына жауап беріп көрейін. Жаһан жұртын бір ұыс қылған, әлемді індет үрейі билеп кеткен соңғы екі жылда жоспарланған көп жұмыстарымыздың іске асып, мәдени іс-шараларымыздың қалыптасу жағдайда өтуіне көп кедергілер болды. Көпшілік жиналатын шаралар қысқартылды, онлайн форматта өткізілді немесе көрермендер санына шектеулер қойылды. Бұрынғыдай Халықтар достығы мен мәдениеті үйіне 500-ге тарта адамды, Серке театрына 300-ге жуық көрерменді жинап, мәдени-көпшілік шараларды өткізе алмадық. Шарараға шақырылатын адамдар саны 30-50 адам ғана болды. Енді өзіңіз салыстырыңыз, 300-500 адам қатысқан шараның халық арасында жария болуы күшті ме, әлде 30-50 адам қатысқан шараның жария болуы күшті ме? Міне, осындай шектеулер және көпшілік жиналатын ауқымды шаралардың уақытша тоқтатылуы сырт көзге қаладағы мәдени шараның қарқыны баяулап қалған сияқты көрінуі мүмкін. Алайда эпидемиологиялық жағдайдың талаптарын ескере отырып, жоспарланған шараларды өткіздік. Қысқасы, Жезқазғандағы мәдениет саласының қарқыны баяулап қалған жоқ.

Жезқазған қаласының бренд-шарасы саналатын жоба – «Ұлытау үні» фестивалі. Осы індет салдарынан екі жыл бойы «Ұлытау үні» фестивалі өзінің 30 жылдығын атап өте алмады. Биыл осы фестивальдің жалауын қайта көтеріп, 30 жылдық тарихи жолын атап өту жоспарланып отыр. Фестиваль «Қала күні» мерекесіне орай қыркүйек айында өткізіледі. Әдеттегідей фестивальдің мерекелік ашылуы болады, оған фестивальдің алғашқы ұйымдастырушылары мен ардагерлері

■ ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ – СЕНИМГЕ СЕРПІН

МӘСЛИХАТТЫҢ РӨЛІ КҮШЕЙТІЛМЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңа Жолдауын халық үлкен үмітпен күтті. Бұл Жолдауында Президент еліміздің саяси жүйесін кешенді жаңғырту бағдарламасын ұсынды. Соның ішінде, азаматтардың өкілді билікке деген сенімін нығайту үшін мәслихатқа баса назар аударған жөн екенін айтты.



барлық ұсыныстар жаңа Қазақстанның болашағын жандандыратын болады», – деді Мемлекет басшысы.

Мәслихат жұмыстарын ұйымдастырудағы оң өзгерістер, алдағы уақытта өз нәтижесін беретініне сенімдімін.

«МЫҚТЫ мәслихат өзекті мәселелердің шешімін табуға және аймақтардағы тұрмыс сапасын жақсартуға әсер ете алады.

Олардың рөлін арттырып, дербестігін қамтамасыз ету үшін мәслихат төрағасы лауазымын енгізген жөн. Сондай-ақ, мәслихаттардың ықпалын барынша күшейту үшін облыс әкімдерін тағайындау тәртібін өзгерту қажет деп санаймын. Қазір мәслихат депутаттары мемлекет басшысы ұсынатын бір ғана кандидатураны қарастырады», – деді Қ.Тоқаев.

Мәслихаттың рөлін және халықтың билікке сенімділігін арттыру мақсатында енді облыс және қала әкімдері жаңа бағытта тағайындалады. «Әкім тағайындау туралы ережелерге өзгерістер енгізіп, президент балама негізде екі әкімді ұсынады. Олардың қарқын қабілеттеріне қарай отырып президент мәслихат таңдаған тұлғаны әкімдік қызметке тағайындайтын болады. Бұл жанама сайлау. Және президент мәслихат кеңесінсіз қала, облыс, аймақ әкімдерін қызметінен босата алады. Биліктің өкілді тармағын қайта пішімдеуге арналған

Светлана ЖУМКИНА, МТ
Жезқазған қалалық мәслихатының депутаты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңа Жолдауы кім-кімді болса да бей-жай қалдырмағаны анық. Президент бұл жолдауында өзекті деген мәселелердің шешу жолдарын тағы да нақты және дәйекті түрде көрсетіп берді.

НЕГІЗГІ БАҒЫТ – ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ ҚҰРУ

Әрине, бүгінде саяси өзгерістер керек екені даусыз. Соның ішінде билікті халыққа жақындата түсу маңызды қадам. Сондықтан, Президент құқықтық негіздерге сүйене отырып, Парламентке өз құзыретін беретінін мәлімдеді. Халықаралық үлгіге сай өзгерістерді енгізу жолдарын ұсынды. Партияларды тіркеу шегі 5 мыңға дейін азайтылатын болды. Мұның негізгі мәні – әділетті қоғам құру. Осылайша, халық арасынан шыққан азаматтардың билікке көбірек баруына мүмкіндік ашыла түсті деп ойлаймын. Сонымен бірге, Жолдауда әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуде байбалам емес, шешімді істер керек екені де айтылды.

Менің қосарым: ең бастысы, демократ ел, біртұтас халық, зиялы қоғам ұстанымдары үндескенде біздің саяси өзгерістеріміз жемісті болады. Мемлекет басшысының сөзінен осы қағиданы оқи алдық.

Досбол МЕЙРБЕК,
Сәтбаев қалалық мәслихатының депутаты.
«Ауыл» партиясының мүшесі.



МТ

ЖАҢАРУҒА ЖАСАМПАЗ ҚАДАМ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың кезекті «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауын мұқият тыңдап, алдыңғыларға қарағанда өзгеше екендігін байқадым. Осылай болу керек деп те ойладым.



Өйткені Қазақстанымыз жаңа қадамға бетбұрыс жасап жатқан тұста өзгерістің болуы өзінен өзі түсінікті жайт. Президентіміз сөзінің басында «Бүгінгі Жолдаудың мән-маңызы айрықша. Оның арқалайтын жүгі бір жылмен шектелмейді, ауқымы кең, мазмұны да бөлек. Біз алдымызға биік мақсаттар қойып отырмыз. Өздеріңізбен бірге Жаңа Қазақстанды құруға кірістік» деп те айтты.

Президенттің өкілеттілігі, өкілді билік тармағын қайта құру, сайлау жүйесін жетілдіру, партиялық жүйені дамыту, құқық қорғау институттарын күшейту, БАҚ пен азаматтық қоғамның рөлін нығай-

ту, елдің әкімшілік-аумақтық құрылымын жетілдіру, жергілікті өзін-өзі басқаруды орталықсыздандыру, дағдарысқа қарсы шаралар сияқты бірқатар бастамаларды ұсынды. Айтылғандардың барлығы да қазіргі жағдайда аса қажетті кезек күттірмей қолға алынуы тиіс мәселелер дегім келеді.

Тарихпен, өлкетанумен айналысатын адам ретінде мені қуантқаны бұрынғы Семей аумағында Абай, Сарыарқа төсінен Ұлытау, жер жәннаты Жетісудан бөлек облыс құру ұсынысы болды. Әсіресе, Қазақ хандарының атасы Жошы бабамыз жатқан Ұлытау өңірінің жаңа статусқа ие болуы рухани жағынан маңызды шешім. «Ел тағдыры шешілген ұлы жиындар

осында өткен. Сарыарқаның төрінде орналасқан бұл аймақтың туристік әлеуеті өте зор. Оның өндірістік қуатын, логистикалық мүмкіндігін ұтымды пайдалану керек. Бір сөзбен айтқанда біз Ұлытау аймағының дамуына жол ашамыз» деген Президент мұның экономикалық жағынан да маңызды тұстары барын атап өтті. Қапшағай қаласына Қонаев есімін беруі де құптарлық қадам. Кезінде Қазақстанда қырық қала салған қазақтың асыл перзенті Димаш Ахметұлына деген ерекше құрмет болар еді.

Тополбат МҰҚАНҰЛЫ,
Қарсақбай кенті ардагерлер кеңесінің төрағасы.

МТ

ЖАҢАШЫЛДЫҚТЫ ТАЛАП ЕТЕДІ

шақырылады. Биылғы фестиваль аймақтық емес, республикалық деңгейде өтеді.

Отыз жылдық тарихы бар шараның айшықты оқиғаларының бірі – Ж. Сейілов атындағы «Өнер өлкесінің Жезкіігі» атты эстрадалық әншілердің республикалық конкурсы. Осы күні қаламгер, режиссер К. Ахметовтің Ж. Сейіловтің балалық шағы жайлы түсірілген «Неге солай?» фильмінің алғашқы қойылымы болады.

Айта кету керек, фестиваль жаңалығы «Сарыарқаның сазды даласы» атты фольклорлық-этнографиялық ұжымдардың шеруі болмақ. Бұл шеруге республикамыздың әр өңірінен өтінішімізді қабыл алған ансамбльдер қатысады. Шеруге қатысушы өнер ұжымдары кешкісі «Жезкіік» ретондасындағы сахнада «Кенгір көлі жағасында» атты қорытынды концерт береді. Концертте қала жастарына арналған заманауи музыкалық шығармалар орындалатын болады.

Жезқазған – есімдері облыс, республика оқырмандарына таныла бастаған жас ақындардың қаласы. Осыған орай фестиваль аясында облыстық жас ақындар мүшәйрасын өткізу жоспарланды. Мүшәйра тақырыбы «Аңыз өзегі – Алаша, жыр арқауы – Жошы хан» деп аталады. Мүшәйра «Жошы хан» тарихи-мәдени кешені басында өтеді. Аталмыш іс-шараға үздік деп танылған фольклорлық-этнографиялық ансамбль қатысып, музыкалық шашу шашады. Мүшәйра мақсаты – Ұлытау-Жезқазған жеріндегі тарихи-мәдени ескерткіштерді өлең тілінде насихаттау, жастар шығармашылығына қолдау білдіру. Кейін бұл шараны республикалық деңгейде өткізу ойда бар.

Фестиваль бағдарламасының тағы бір жаңалығы – өндіріс саласы және басқа да кәсіп салаларында еңбек етіп жүрген өнерпаздар мен өнер ұжымдарының республикалық конкурсы. Бірінші рет өткізілгені отырған бұл шараның көпшілік көңілінен шығарына сенімдіміз. Қорыта айтқанда, ХХХ «Ұлытау үні» фестивалі биыл осындай жаңалығымен өтетін болады.

Биылғы жылы жерлес ақынның, қарымды қаламгер Ж.Ермановтың өлеңдері бойынша жазылған «Менің киік тағдырым» атты поэтикалық драма қойылып, авторды қадірлі қонақ ретінде шақырамыз, ақын ағамызбен кездесулер өткізу жоспарланып отыр. Жезқазған қаласының Құр-

метті азаматы, ҚР Еңбек сіңірген әртісі Ғалым Мухамеддиннің 70 жасқа толуына орай мамыр айында бенефис-шоу өткізу жоспарланып отыр. Бенефис шоуға еліміздің түкпір-түкпірінен өнер майталмандары шақырылатын болады.

Реті келіп тұрғанда айта кетелік, биыл 27 сәуір – Халықаралық би күніне орай хореографиялық ұжымдардың шеруі мен аймақтық байқауы өтеді. Қазан айында «Шашу» би ансамблінің 30 жылдығы, «Нұрсәулемей» би ансамблінің 25 жылдық тойы атап өтіледі.

Қыруыек айының соңында шығармашылықпен айналысатын жастардың «Жұлдызды жастар» фестивалін өткізу жоспарланып, концепциясы жасалуда. Әнші, биші, колөнерші, суретші, фотосуретші, қаламгер жастар қатысатын фестиваль да «Жошы хан» тарихи-мәдени кешені басында өтеді деп жоспарлануда.

Абай ескерткіші орналасқан «Наурыз» саябағы биыл «Руханият» аллеясымен көріктеніп түседі. Ондағы ескерткіш белгілер өлкеміздің, қаламыздың танымал тарихи тұлғалары жайлы сөйлейтін болады.

Міне, осы жылдың ауыз толтырып айтар жаңалықтарының бір парасы осындай.

Көпшілік жиналатын мәдени орын – Халықтар достығы мен мәдениеті үйі. Алдағы уақытта осы ғимаратқа күрделі жөндеу жұмысы жоспарлануда. Биыл жергілікті бюджеттен жобалау-смета құжаттарын жасауға қаржы бөлінді. Келер жылдарда ғимараты күрделі жөндеуден өткен мекеме халыққа заманауи қызмет түрлерін ұсынатын жаңа форматтағы орынға айналады.

Қалалық балалар мен жасөспірімдер кітапханасы да күрделі жөндеуді күтіп тұр. Бұл кітапхана жөндеуіне де қомақты қаржы бөлінетін болды. Биыл жергілікті бюджеттен жобалау-смета құжаттарын жасауға қаржы бөлінді.

– Ауа райы да жылынды. Жаңа келбетке ие болған «Жошы хан» кесенесі, одан бөлек Ұлытау аймағына туристерді тарту мәселесі қалай жүзеге асып жатыр? Биыл бұрынғы жылдарға қарағанда сырттан келетін қонақтар саны артады деп ойлайсыз ба?

– Кешен салынды. Оны дамытудың, ұлғайтудың концепциясы жасалды. Мемлекет басшысы

тапсырғандай, «Жошы хан» тарихи-мәдени кешені туризм орталығы етіп, оны ішкі туризмнің ғана емес, халықаралық туризмнің нысаны ету – басты мақсат.

Қала әкімдігі биыл Жезқазған қаласы мен Жошы хан кесенесін қосатын тасжол салуды қарастыруда. Кешеннің инфрақұрылымын күшейту де басты назарда. Өзіңіз меңзеп отырғандай, «Жошы хан» кешені тек Жезқазған қаласы аумағы емес, жалпы Ұлытау аймағына туристерді тарту ісінің орталығы болмақ. Мұның жүзеге асатынына сенім мол.

Кешен ашылғаннан бері келушілер саны 3 мыңға жуық адам болды. «Жошы хан» тарихи-мәдени кешеніне «Газель» автокөлігі сатып алынды. Туристік жолсілтемелер, туристік карта жасалды. Биыл тарихи-мәдени кешен аумағын абаттандыру жұмыстары жүргізіледі, ағаштар отырғызылады, суару жүйесі орнатылады, байланыс қызметі реттелетін болады. Осындай аса қажетті шаралар жүзеге асырылса, туристердің саны жылына 5 мыңға жуық болады деп күтілуде.

Алдағы уақытта «Жошы хан» кешені туризмнің орталығы ғана емес, ғылыми-зерттеу жұмыстарының базасына айналатынына үмітпен қараймыз. Осы жылы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Алтын Орданың тарихи-мәдени мұрасына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтеді.

Алдағы уақытта жаз айларында ауқымды мәдени-рухани, тарихи-танымдық шаралардың біразы «Жошы хан» кешені басында өткізуді межелеп отырмыз. Мақсат – кешен басын көпшілік жиналатын мәдени орынға айналдырып, жұрт назарын аудару.

– Осы салада біршама тәжірибесі бар маман ретінде жеке пікіріңізді сұрасам. Жезқазғандағы мәдениет саласының дамуына көңіліңіз тола ма? Жаңа идеялар ұсыныла ма? Билікті мамандар тарту жұмыстары қалай жүзеге асуда?

– Толады, әрине. Бірақ толады екен деп барға, болғанға қанағаттанып, тоқырап қалмау керек. Алда – қаламыздың 70 жылдық торқалы тойы. Осы тойға орай жасалған «Жезқазғанның 70 жылдығына – 70 іс» бағдарламасында жоспарланған шаралардан тыс жаңа жобаларды да жүзеге асыруымыз

керек қой. Жоспарлап отырған жаңа жобаларымыз жоқ емес бар, оны әзірше жария етпей-ақ қояйық. Уақыт көрсетеді.

Осы тұста бөлім басшысы ретінде мәдениет және өнер жанашырларына өтінішімді айта кеткім келеді. Қаламыздың мәдениеті мен өнерін, рухани саласын дамыту, оны жаңа жобалармен байыту ісін бөлімдегі 2 адам немесе мәдениет мекемелерінің қызметкерлері ғана атқару керек деп, нәтижені ғана күтіп отыру позициясы дұрыс еместігі белгілі. Бұл жерде көпшіліктің қалауы мен ұсынысы зор рөл атқарады. Бөлім басшысы ретінде жаңа жобалар жайлы ой-пікірлері бар, іс-шараларды өткізудің жаңаша форматтарын ұсына келетін жанашырларымызға есігім ашық екенін жеткіземін. Келіңіздер, ой бөлісіңіздер, пікір алсайық. Келісе, кенесе отырып қала руханиятын дамытуға септігі тиер оң істерді тізе түйістіре отырып атқарайық.

Сауалыңыздың соңғы тармағына берер жауабымына: билікті мамандарды бөлім жұмысына тарту – бақыт. Өз ісін, оның табиғатын терең білетін маман – қолға алар жұмыстарды жүзеге асырудың негізгі күші. Алайда біз осындай мамандардың тапшылығын сезініп отырмыз. Бір жылға жуық бөлім жұмысына аса қажет мәдениет саласымен тікелей айналысатын маманға жете алмай отырдық. Шүкір, қазір тәжірибелі маман келді. Енді басқа қалаға қоныс аударып кеткен маманымыздың орны бос тұр. Ол – тіл саясаты мәселесімен тікелей айналысатын маман. Өкінішке қарай, әзірге ол маманға қол жетпей тұр. Келісім-шарт бойынша жұмысқа алынатын маманның орны да иесін күтіп отыр. Ол – латын негізді жаңа әліпби мәселесімен айналысатын маманның орны.

Жоғарыда айттып өткеніміздей, «Жошы хан» тарихи-мәдени кешені – туризм орталығы. Осыған орай бөлімде туризм мәселесімен айналысатын маман қажет. Әзірге штат кестесіне ондай қызмет бірлігі еңбей отыр. Бұл да өзекті мәселе. Алайда қол қусырып отыра алмаймыз, қолда бар күшпен халыққа мәдени қызмет көрсету жұмыстарын жүргізу – міндет. Атқарылған да, атқарар да жұмыс ауқымды.

– Сүбелі сұхбатыңызға рақмет. Жаңа жыл табысты болсын!

Сұхбаттасқан Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН



ӘДЕП КОДЕКСІНІҢ ЖАҢА РЕДАКЦИЯСЫ

Әдеп нормаларын сақтау мемлекеттік қызмет жүйесінде айрықша орын алады. Қазіргі жағдайда мемлекеттік қызметшілердің моральдық-адамгершілік бейнесіне және іскерлік қасиеттеріне қойылатын талаптарды күшейту мәселелері қоғам тарапынан мемлекеттік органдарға деген сенімді арттыруға ықпал ететін осы саладағы заңнаманы жетілдіруді талап етті.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында азаматтардың барлық сындарлы өтініштерін жедел әрі тиімді қарайтын «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру – ортақ міндет екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті органның назарын мемлекеттік органдарда бюрократиясыздандыру жұмыстарын жүргізуге, мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыруға, сервистік және клиентке бағдарланған аппарат құруға аударды.

Осыған байланысты, мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасын сақтау мәселесі бойынша заңнаманы жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 22 ақпандағы №814 Жарлығымен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің жаңа редакциясы бекітілді.

Жаңа Әдеп кодексі қызметтік әдеп стандарттарын белгілейді және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру үшін негіз болады.

Осы тұрғыдан алғанда, Әдеп кодексінің қызметтік әдеп нормаларын дұрыс түсіну және қолдану үшін маңызды мәні бар. Мемлекеттік қызмет жүйесіндегі жаңа сын-тегеуріндерді шешу Әдеп кодексінің жаңа редакциясын қабылдауға себеп болды.

Егер ескі редакцияның Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілерге қойылатын моральдық-адамгершілік талаптарды, сондай-ақ олардың мінез-құлқының негізгі қағидат-

тарын біріктірсек, жаңа редакцияда бұл ауытқу этикалық талаптарды мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этикасына қатысты жоқ өзге ережелерден бөлу есебінен жойылды.

Жаңа Әдеп кодексі қызметтік этика стандарттарын белгілейді және мемлекеттік қызметшілерде моральдық-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру үшін негіз бола алады.

Кодекспен мемлекеттік қызметтің этикалық принциптері анықталды – адал ниеттілік, адалдық, әділдік, ашықтық, сыйақылық және клиентке бағдарлану.

Айта кету керек, мұндай талаптар мемлекеттік қызметшілерге бұрынғы кодексте де қойылған. Бірақ, өзіңіз байқағаныңыздай, кодекстің жаңа редакциясында ашықтық және клиентке бағдарлану қағидаттарын сақтау бойынша басым талаптар көзделген, соған сәйкес мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметтерді тұтынушы ретінде халықтың сұраныстарына толығымен бағдарлана отырып, қоғаммен жұмыс істеуге дайын болуы және өз іс-әрекеттерінің ашықтығын қамтамасыз етуі тиіс.

Кодекс сондай-ақ мемлекеттік қызмет істері агенттігі мен оның аумақтық органдарын, қызметтік әдепті бұзудың профилактикасы бойынша үйлестіруді жүзеге асыратын органдарды айқындайды.

Осы мақсатта Әдеп жөніндегі уәкілдердің, тәртіптік комиссиялары мен Әдеп жөніндегі кеңестердің құқық бұзушылықтардың алдын алу және олардың профилакти-

касы жөніндегі жұмысы жандандырылатын болады.

Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшілер мен мемлекеттік басқару органдарының қызметі ең алдымен құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталғанын атап өткен жөн.

Осы мақсатта 2016 жылдан бастап Әдеп жөніндегі кеңес және Әдеп жөніндегі уәкілдер институты жұмыс істейді, ол Әдеп кодексын бұзғандарға жол бермеу бойынша алдын алу жұмыстарын жүргізеді.

Жалпы алғанда, осы институттар қызметінің оң нәтижелері туралы айтуға болады, өйткені жыл сайын мемлекеттік қызметшілердің этикасын бұзатын және мемлекеттік қызметке кір келтіретін теріс қылықтар саны азайып келеді.

Атап айтқанда, егер 2020 жылы қызметтік әдеп нормаларын бұзғаны және мемлекеттік қызметтің беделін түсіргені үшін 35 мемлекеттік қызметші тәртіптік жауапкершілікке тартылса, 2021 жылы 14 мемлекеттік қызметші, яғни 60%-ға төмендеді.

Көбінесе мемлекеттік қызметшілер өз міндеттерін тиісінше орындамағаны және заңнама нормаларын бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, мемлекеттік органдардың алдында жаңа Әдеп кодексінің талаптары тұрғысынан, профилактикалық шараларды жандандыру, жаңа Қазақстанды құру мақсатында мемлекеттік қызметтің беделін және мемлекеттік органдарға деген сенімді жаңа деңгейге көтеру міндеті тұр.

MT

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ!

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 12 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» №2676 Заңының 28, 29-баптарына сәйкес «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқалары бойынша құжаттары дұрыс болмай, не өздері немесе балалары сотты болған, қылмыстық жауапкершілікке тартылу және т.б. себептер мен жағдайларға байланысты, мерзімінде ала алмай қалған көпбалалы аналарды (6 және одан да көп балалары бар) анықтау мақсатында құжаттар жинақтау басталғанын хабарлаймыз.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 28 бабына сәйкес «Алтын алқа» алқасымен жеті және одан да көп бала туған және тәрбиелеп өсірген аналар наградалады. «Алтын алқа» алқасымен наградаға осы ананың жетінші баласы бір жасқа жеткен және басқа балалары тірі болған ретте жүргізіледі.

«Алтын алқа» алқасымен наградаға кезінде, сондай-ақ: – ананың заңда белгіленген тәртіппен асырап алған; – Қазақстан Республикасының мүдделерін қорғау кезінде немесе өзге қызметтік міндеттерін атқару үстінде қаза тапқан не болмаса хабарсыз кеткен, дүлей апаттар кезінде не адам өмірі мен материалдық құндылықтарды құтқару жөнінде азаматтық борышын атқару үстінде, қылмысқа қарсы күресте және қоғамдық тәртіп күзетінде қаза тапқан, сондай-ақ аталған жағдайлар кезінде жаралану, мертігу немесе ауруға шалдығу не еңбек жаракаты немесе кәсіби ауру салдарынан қайтыс болған балалар ескеріледі.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабына сәйкес «Күміс алқа» алқасымен алты бала туған және тәрбиелеп өсірген аналар алтыншы баласы бір жасқа жеткен және басқа балалары тірі болған ретте наградалады.

«Күміс алқа» алқасымен наградаға кезінде, сондай-ақ осы Заңның 28-бабының үшінші бөлігінде аталған балалар да ескеріледі.

Құжаттарды «Жезқазған қаласы әкімінің аппараты» ММ жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен жұмыс бөлімі (Әкімдік, 8-қабат, 812-кабинет, тел: 736356) қабылдайды. Құжаттар тізімі:

1. Ананың жеке куәлігінің көшірмесі;
 2. Балалардың туу туралы куәлігінің және жеке куәлігінің көшірмелері
- Құжаттар 2022 жылғы 25 наурызға дейін қабылданады.

MT

«Жезқазған қаласы әкімінің аппараты» ММ



ИНТЕРНЕТТЕГІ ҚАУІПТІ ІПІРІМДЕР

Бүгінде шетелдегі күмәнді оқу орындарында 110-нан аса қазақ жастары оқып жүр деген ақпарат бар. Шетелден өз бетімен діни білім алу Қазақстан үшін қауіпке айналып отыр. Діни білімнің іргетасын елімізде қаламаған, яғни Әбу Ханифа мәзһабын мойындамайтын, ақидадан аодасқан қазақ жастары мұсылман елдерінен білім алуға құштар болып отыр.

Ол елдердің ішінде Біріккен Араб Әмірліктері, Сауд Арабиясы, Йемен, Кувейт, Иран, Пәкістан, Катар елдері бар. «Соның ішінде Египет пен Сауд Арабиясы Корольдігінде күмәнді діни білім алған азаматтар елімізде салафизм идеологиясының таралуына көбірек үлес қосуда» дейді мамандар.

Мысалы, Сауд Арабиясында «Әл-Жамия әл-Исламия» университетінде оқыған, салафизм идеялогиясын ұстанушы 3 азамат «Қазақстанға келген соң діни араздықты өршітті, терроризмді насихаттады» деген айыппен 2017 жылы сотталғаны белгілі. Олардың ор жерде айтқан уағыздары жазылып алынып, әлеуметтік желілерге жүктелген.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының жолдамасынсыз, өз беттерімен кеткен жастар бұл елдердегі күмәнді оқу орындарынан, көбіне жеке құжыралардан білім алып, елге оралған соң деструктивті діни ағымдарды насихаттап, радикализмге бой алдырып, ел ішіне ылаң салуда.

Діни теріс ағымдағы жастар шетелден заңсыз діни білім алуға неге құштар? Оның себептерінің бастысы – қазақ жастарының діни білімді интернеттен үйреніп, шетелдік шейхтардың уағызын тыңдауы.

Назратулла (Әбу Мариям) атты уағызшы 2018 жылы Мәдина қаласында ұсталғаны белгілі. Ол интернет арқылы ТМД және Қазақстандағы жамағатқа деструктивті идеологияны, салафизмді уағыздаған. Яғни, қазақ жастарының мұсылман елдеріне шығуына, ол жақтан деструктивтік бағыттағы діни білім алуға ұмтылуына интернеттің ықпалы зор екенін көреміз.

Діни теріс ағымды ұстанушылардың 88 пайызы ғаламтор арқылы санасы уланғандар. «Жусан» операциясымен елге қайтарылғандар да салафизм уағызшыларын интернеттен тыңдап, солардың соңынан ергендер болып шықты. Яғни, астарында радикалдық пиғыл жасырынған уағызшылардың жымсық әрекеттері «ДАИШ» террористік ұйымының құрамына жасақ тарту болғаны аян.

Статистика бойынша Сириядағы қактығыс аймағында қан төккен содырлардың 80 пайызға жуығы интернет арқылы тартылғандар болып отыр.

Дінге қызығушылығы бар, алайда діни білімді еліміздегі мезгіт, медреселерден алуға ниеті жоқ жастар ғаламторға бір кірген соң шетін идеологияларға тап келіп, сол жерлерде шырмалып қалып жатыр. Facebook, Instagram, «Vkontakte», Twitter сияқты басқа да әлеуметтік желілерде салафизм идеологиясындағы материалдармен танысу, оны жүктеп алуға, кейін санасы уланған соң таратуға жол ашты.

Еліміздегі діни ахуалға байланысты Қазақстанда діни және ұлтаралық алауыздықтың алдын алу мақсатында Елбасы Н. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» тақырыбындағы жолдауын жариялағаны белгілі. Аталмыш жолдауда қазақтың салт-дәстүрі мен ұлттық құндылықтарын дәріптеу арқылы діни және рухани құндылықтарымызды қатар алып жүру мақсат етілді.

Мемлекеттің бұл бағытта кешенді бағдарламалары кезең-кезеңімен, мақсат-

ты түрде іске асуда. Әлеуметтік желілерге тұрақты мониторинг жүргізудің нәтижесінде интернетте күдікті діни идеологияларды таратып отырған сайттарды, жеке тұлғалардың парақшаларын бұғаттау жақсы нәтиже беруде.

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Дін істері комитетінің төрағасы Ержан Нүкежановтың айтуынша, 2021 жылдың қаңтар айындағы есеп бойынша интернеттегі радикалды топтарға тіркелген қазақстандықтар саны 44 пайызға азайып, 3 мыңнан астам адам дәстүрлі исламға қайтып оралған.

Дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудың 2021-2023 жылдарға арналған кешенді бағдарламасы арқылы зайырлыққа қағидаттарын нығайту, дінаралық татулықты үйлестіру, ел ішінде діни экстремизмнің алдын алу, діни ахуалды жақсарту арқылы тұрақтылықты күшейту қолға алынды.

Бүгінгі таңда технологияның дамуына, заман талабына сай «Қазақстан халқының 81,9% пайызы интернетте отыр. 2021 жылдың басында интернетке 15,47 миллион адам кірген» дейді статистика.

Ендеше, интернетте бұғатталған деструктивті ағымдардан босаған орындарды ұлттық құндылықтарды насихаттайтын материалдармен толықтыру – уақыт талабы. Қазақтың мәдениетін, тарихын, салт-дәстүрін насихаттау, ата-бабалар ұстанған дін мен дәстүр сабақтастығын жалғастыру – діни теріс ағымдарға бірден-бір тосқауыл болмақ.

Kazislam.kz

MT

СУ ТАСҚЫНЫ КЕЗІНДЕГІ ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ІС-ӘРЕКЕТІ БОЙЫНША ЖАДЫНАМА

Қардан және мұздан тазарту бойынша алдын ала жүргізілген іс-шаралар көзтемгі су тасқынының зардаптарын болдырмауына немесе маңызды азайтуына мүмкіндік береді.

Қауіп-қатерлі кезеңде жіберілетін гидрометеоқызыметінің хабарларын және тиісті ТЖ органдарының ақпараттарының мұқият тыңдау қажет.

Егер сіздің тұрған үйіңіздің су басатын жер шекараларын кіру мүмкіндігі болса, сізге келесі ережелеріңізді істеу қажет:

- көшелерді, аулаларды, ғимараттардың төбелерін, өтулерді, кіру және шығу жерлерін, су құбырларын, су жүретін жерлерді қардан алдын ала тазарту;
- шұғыл көшетін болған жағдайға, үш тәулікке жететін тамақ және су қорын, тиісті құнды заттарды, жылы киім, дәрі-дәрмектерді дайындап қойыңыз;
- ұдайы дайындықта ақша, құжат, құнды қағаздарды ұстаныңыз;
- үйлеріңізді, пәтерлеріңізді қорғау үшін қажетті жұмыстар жүргізу: есіктер мен әйнектерді бекіту, жоғары қабаттарға (шатыр, төбе) үй нәрселерін және бағалы заттарды апарып қою, ауладан шаруашылық құралдарды жинау, мал азығын қауіпсіз орынға жеткізу
- көшу жеріңізді және қауіпсіз орын алдын ала анықтап алыңыз, жай ғана жүзу құралдарын дайындаңыз
- үй жануарларын, мүлкіңізді алдын ала көшіріңіз, өзендердің арнасында үй жануарларының болмауын қамтамасыз етіңіз.

Судың аяқ астынан дүркін ағуы болған жағдайда және су деңгейі көтеріле бастаса:

- жылдам кету туралы көршілеріңізге айтыңыз, қажет болса қарттар мен науқастарға көмек көрсетіңіз. Қандай жағдай болмасын, сабыр сақтаныңыз, үрейге берілмеңіз, тез және

не нық әрекет жасаңыз; есіктер мен әйнектерді жабыңыз, электр, газды және пештегі отты сөндіріп кетіңіз. үй жануарларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша барлық шараларды қабылдаңыз, қора есіктерін, қақпаларды ашып, малды бос жіберіңіз;

су өткізбейтін киім киіңіз, өзіңізбен құжаттарыңызды, ақша, бағалы қағаздарды, ішетін су қорын, тамақ, дәрігерлік қобдишасын, ең қажетті заттарыңызды алыңыз да ғимараттан кетіңіз;

егер үйден өздігінен кете алмасаңыз, жедел қызмет (112, 101, 102, 103), туыскандардың, жақынның телефондарына хабарласыңыз. Көмеке келгенге дейін төбеге (үйдің немесе басқа құрылыстардың) көтеріліңіз. Сізді түнгі уақытта құтқарушылар жылдам тауып алу үшін, оларға фонарикпен, айқаулап немесе басқа түрдегі белгілер беріңіз!

суға батқан азық-түліктерді жеменіз, қайнатылған су ғана ішіңіз;

үйден кетуден бас тартпаңыз! Сіздің үйіңіз ішкі істер органдары мен жергілікті билік өкілдерінің қорғауында болады.

Ата-аналар және оқытушылар! Балаларды суаттарға жібермеңіз, әсіресе мұз жүру уақытында, оларға суаттарды ашу кезде мұзда болуы, жарда және шайылған жағалауда болуы қауіпті екенін алдын ала ескертіңіз.

Тұрып жатқан үйіңізге судың келгені туралы дерекін, Жезқазған қаласының әкімдігіне және ТЖБ хабарлаңыз, телефондар: **73-61-35, 76-80-45** немесе **112**.

Әр жағдайда өзіңді сенімді ұстап, үрейге берілмеңіз, тез және нық әрекет жасап, бірінші кезекте балалар мен қарттарға көмек көрсете біліңіз!

MT

ДҮЙСЕНБІ 28 НАУРЫЗ

QAZAQSTAN

6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:25 «Másele». 7:00 «Tañsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Дениз». Т/х. 12:00 «Ауыл мұғалімі». Т/х. 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Біздің полиция». 15:35 «Ауылдастар». 16:10 «Ұлттық арнада – Ұлыстың Ұлы күні». Мерекелік жоба. 17:00 Aqparat. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Дениз». Т/х. 19:00 «Қара гүл». Т/х. 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq alań». 21:30 «Ауыл мұғалімі». Т/х. 22:30 «Жат мекен». Т/х. 23:30 «Мұқағали. Бұл ғасырдан емесінін...». Т/х. 0:20 Aqparat. 0:55 «Ashyq alań». 1:45 «Ауылдастар».

ХАБАР

5:00 Discovery: Сквозь червоточину с Морганом

СЕЙСЕНБІ 29 НАУРЫЗ

QAZAQSTAN

6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:25 Aqparat. 7:00 «Tañsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Дениз». Т/х. 11:05 «Қара гүл». Т/х. 12:00 «Ауыл мұғалімі». Т/х. 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Тұлға». Д/ф. 15:35 «Ауылдастар». 16:10 «Мұқағали. Бұл ғасырдан емесінін...». Т/х. 17:00 Aqparat. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Дениз». Т/х. 19:00 «Қара гүл». Т/х. 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq alań». 21:30 «Ауыл мұғалімі». Т/х. 22:30 «Жат мекен». Т/х. 23:30 «Мұқағали. Бұл ғасырдан емесінін...». Т/х. 0:25 Aqparat. 1:00 «Ashyq alań». 1:50 «Ауылдастар».

ХАБАР

5:00 Discovery: Сквозь червоточину с Морганом

СӨРСЕНБІ 30 НАУРЫЗ

QAZAQSTAN

6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:25 Aqparat. 7:00 «Tañsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Дениз». Т/х. 11:05 «Қара гүл». Т/х. 12:00 «Ауыл мұғалімі». Т/х. 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Жер төресі». Д/ф. 15:35 «Ауылдастар». 16:10 «Мұқағали. Бұл ғасырдан емесінін...». Т/х. 17:00 Aqparat. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Дениз». Т/х. 19:00 «Қара гүл». Т/х. 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq alań». 21:30 «Ауыл мұғалімі». Т/х. 22:30 «Жат мекен». Т/х. 23:30 «Мұқағали. Бұл ғасырдан емесінін...». Т/х. 0:20 Aqparat. 0:55 «Ashyq alań». 1:45 «Ауылдастар».

ХАБАР

5:00 Discovery: Сквозь червоточину с Морганом

БЕЙСЕНБІ 31 НАУРЫЗ

QAZAQSTAN

6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:25 Aqparat. 7:00 «Tañsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Дениз». Т/х. 11:05 «Қара гүл». Т/х. 12:00 «Ауыл мұғалімі». Т/х. 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Шынырақ». 15:35 «Ауылдастар». 16:10 «Мұқағали. Бұл ғасырдан емесінін...». Т/х. 17:00 Aqparat. 17:15 «Жана Қазақстан». 17:40 «Киели Қазақстан». Д/ф (Түркістан облысы). 18:00 «Дениз». Т/х. 19:00 «Қара гүл». Т/х. 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq alań». 21:30 «Ауыл мұғалімі». Т/х. 22:30 «Жат мекен». Т/х. 23:35 «Мұқағали. Бұл ғасырдан емесінін...». Т/х. 0:35 «Parasat maidany». 1:05 Aqparat. 1:40 «Ashyq alań».

ЖҰМА 1 СӘУІР

QAZAQSTAN

6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:25 Aqparat. 7:00 «Tañsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Дениз». Т/х. 11:05 «Қара гүл». Т/х. 12:00 «Ауыл мұғалімі». Т/х. 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Ұлы дала ұлағаты». Д/ф. 15:35 «Ауылдастар». 16:10 «Мұқағали. Бұл ғасырдан емесінін...». Т/х. 17:00 Aqparat. 17:15 «Жана Қазақстан». 17:40 «Киели Қазақстан». Д/ф. 18:00 «Дениз». Т/х. 19:00 «Қара гүл». Т/х. 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq alań». 21:30 «Ауыл мұғалімі». Т/х. 22:30 «Жат мекен». Т/х. 23:30 «Сағандырған әдер-ай». 0:20 Aqparat. 0:55 «Ashyq alań». 1:45 «Ауылдастар».

ХАБАР

5:00 Discovery: Сквозь червоточину с Моргана

СЕНБІ 2 СӘУІР

QAZAQSTAN

6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:30 Aqparat. 7:05 «Күй-керуен». 7:40 «Сағандырған әдер-ай». 8:40 «Әйел әлемі». 9:15 «Зинһар». 10:00 «Дениз». Т/х. 11:00 «Қара гүл». Т/х. 12:00 «Qazaqstan дауысы. Балалар». 14:00 «Орталман». К/ф. 15:45 Концерт. 18:00 «Дениз». Т/х. 19:00 «Қара гүл». Т/х. 20:00 Aqparat. 20:20 «Másele». 21:00 «Qazaqstan дауысы. Балалар». 22:40 «Жат мекен». Т/х. 23:40 «Көңілашар». 0:20 «Másele». 1:00 Aqparat. 1:20 «Зинһар». 2:00 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф.

ХАБАР

5:00 Discovery: Сквозь червоточину с Морганом

ЖЕКСЕНБІ 3 СӘУІР

QAZAQSTAN

6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:25 Aqparat. 6:45 «Күміс көмей». 7:30 «Тару». 8:00 «Aqsayut». 8:25 «Алдар Көсеңің көңілді оқиғалары». М/ф. 9:00 «Теледәрігер». 10:00 «Дениз». Т/х. 11:00 «Қара гүл». Т/х. 12:00 «Qazaqstan дауысы. Балалар». 14:00 «Көккө». М/ф. 15:25 Концерт. 17:00 «Күй-керуен». 17:30 «Әйел әлемі». 18:00 «Дениз». Т/х. 19:00 «Қара гүл». Т/х. 20:00 «Арпа». 20:50 «Жүзден жүйрік». 22:30 «Жат мекен». Т/х. 23:30 «Көңілашар». 0:30 «Арпа». 1:20 «Күміс көмей». 2:10 «Aqsayut».

Фрименом. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит. «Стукач». 12:00 Т/х. «Бәсеке». 13:00 Т/х. «Бөлелер». 15:00 «Бүгін». 16:00 Discovery: Сквозь червоточину с Морганом Фрименом. 18:00 Мегахит. 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Ерекше бақылауда». 20:45 «Басқа тақырып». 21:00 Итоғи дня. 21:30 «По сути». 21:35 Т/х. «Абай жолы». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 «Менің тағдырым».

АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 06:50 «Домашние войны» т/х. 07:20 М/ф «Маша и медведь». 09:20 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Сарай жауһары». 13:30 «Астана кеші көңілді». 14:30 «Шыңғыс хан» т/х. 15:30 «Келіндер» т/х. 16:30 «Қағаз кеме» т/х. 17:00 «100% махаббат» т/х. 17:40 «Күлпаштың хикаялары» т/х. 18:30 «Ене». 20:00 «Astana times». 21:00 «Қара ниет».

Фрименом. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит. 12:00 Т/х. «Бәсеке». 13:00 Т/х. «Бөлелер». 15:00 «Большая неделя». 16:00 Discovery: Сквозь червоточину с Морганом Фрименом. 18:00 Мегахит. 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «На особом контроле». 20:45 «Другие новости». 21:00 Итоғи дня. 21:30 «По сути». 21:35 Т/х. «Абай жолы». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 «Менің тағдырым».

АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 06:50 «Домашние войны» т/х. 07:20 М/ф «Маша и медведь». 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Сарай жауһары». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Шыңғыс хан» т/х. 15:30 «Келіндер» т/х. 16:30 «Қағаз кеме» т/х. 17:00 «100% махаббат» т/х. 17:40 «Күлпаштың хикаялары» т/х. 18:30 «Ене». 20:00 «Astana times». 21:00 «Қара ниет».

Фрименом. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит. 12:00 Т/х. «Бәсеке». 13:00 Т/х. «Бөлелер». 15:00 «Бүгін». 16:00 Discovery: Сквозь червоточину с Морганом Фрименом. 18:00 Мегахит. 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Біздің назарда». 21:00 Итоғи дня. 21:30 «По сути». 21:35 Т/х. «Абай жолы». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 «Менің тағдырым».

АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 06:50 «Домашние войны» т/х. 07:20 М/ф «Маша и медведь». 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Сарай жауһары». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Шыңғыс хан» т/х. 15:30 «Келіндер» т/х. 16:30 «Қағаз кеме» т/х. 17:00 «100% махаббат» т/х. 17:40 «Күлпаштың хикаялары» т/х. 18:30 «Ене». 20:00 «Astana times». 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Сарай жауһары». 01:00 «Шыңғыс хан» т/х.

ХАБАР

5:00 Discovery: Сквозь червоточину с Морганом Фрименом. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит. 12:00 Т/х. «Бәсеке». 13:00 Т/х. «Бөлелер». 15:00 «Большая неделя». 16:00 Discovery: Сквозь червоточину с Морганом Фрименом. 18:00 Мегахит. 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Үкімет». 21:00 Итоғи дня. 21:30 «По сути». 21:35 Т/х. «Абай жолы». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 «Менің тағдырым».

АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 06:50 «Домашние войны» т/х. 07:20 М/ф «Маша и медведь». 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Сарай жауһары». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Шыңғыс хан» т/х. 15:30 «Келіндер» т/х. 16:30 «Қағаз кеме» т/х. 17:00 «100% махаббат» т/х. 17:40 «Күлпаштың хикаялары» т/х. 18:30 «Ене».

Фрименом. 7:30 Т/с. «Жібек». 8:45 «Өзін-өзі тану». 9:00 «XXI ғасыр көшбасшысы». 10:00 «Tangy fresh». 10:30 Д/ф/Мне представляется счастливая возможность...». 11:00 Кино. 13:00 Т/х марафоны. «Тракторшының махаббаты». 16:00 Discovery: Сквозь червоточину с Морганом Фрименом. 18:00 Хит жазамыз. 19:15 «Маска». 21:00 «Күн». 22:00 «Отдел журналистских расследований». 23:30 Концерт.

АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 06:50 «Аналар». 07:20 М/ф «Маша и медведь». 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Шыңғыс хан» т/х. 17:10 «100% махаббат» т/х. 20:20 «Астана кеші көңілді». 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:40 «Аким» х/ф. 01:30 «Сарай жауһары».

АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 06:50 «Аналар». 07:20 М/ф «Маша и медведь». 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Шыңғыс хан» т/х. 17:10 «100% махаббат» т/х. 20:20 «Астана кеші көңілді». 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:40 «Аким» х/ф. 01:30 «Сарай жауһары».

ХАБАР

5:00 Discovery: Сквозь червоточину с Морганом Фрименом. 7:30 Т/с. «Жібек». 8:45 «Самопознание». 9:00 «Бір туынды тарихы». Батыр Баян. 9:30 Концерт. 11:00 Кино. 13:00 Т/х марафоны. «Тракторшының махаббаты». 14:00 «Маска». 16:00 Discovery: Сквозь червоточину с Морганом Фрименом. 18:00 Мегахит. 20:00 Хит жазамыз. 21:00 «Күн». 22:00 «Большая неделя». 23:30 Концерт.

АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 06:50 «Аналар». 07:20 «Маша и медведь» М/ф. 09:20 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Қағаз кеме» т/х. 14:00 «Алдараспан». 17:50 «Аким» Х/ф. 20:00 «Астана кеші көңілді». 20:45 «Аялы әйелдер».

ет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Сарай жауһары». 01:00 «Шыңғыс хан» т/х. 01:45 «Сулеймен Султан». 03:00 «Ұлым». 03:45 «Astana times». 04:35 «Астана кеші көңілді». 05:20 «Күлпаштың хикаялары» т/х.

КТК

07:05 «Дау-дамайсыз». 07:30 «Аманат», өзбек т/х. 09:00 «Адастан кыз», өзбек т/х. 10:50 «Астарлы ақиқат». 11:50 «Никогда не сдавайся». 15:30 «Отречение». 18:30 «Тоғжан», т/х. 19:30 Кешкі жаңалықтар. 20:00 «Отат отбасы». 21:00 Вечерние новости. 21:40 «В плену у прошлого». 23:35 «Я жив!», детектив. 01.15 «Отречение». 02.40 «Адастан кыз», өзбек т/х. 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар».

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 07:00 Jaidarman. 08:00 «Серт пен сезім». 09:00 «Женский доктор». 10:00 «Гадалка».

ет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Сарай жауһары». 01:00 «Шыңғыс хан» т/х. 01:45 «Сулеймен Султан». 03:00 «Ұлым». 03:45 «Astana times». 04: 35 «Айтарым бар». 05:20 «Күлпаштың хикаялары» т/х .

КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07.30 «Аманат», өзбек т/х. 09.00 «Адастан кыз», өзбек т/х. 10.50 «Отат отбасы».11.50 Новости. 12.30 «В плену у прошлого». 14.20 «Я жив!», детектив. 16.30 «Отречение». 18.30 «Тоғжан», т/х. 19.30 Кешкі жаңалықтар. 20.00 «Отат отбасы». 21.00 Вечерние новости. 21.40 «В плену у прошлого». 23.35 «Я жив!», детектив. 01.15 «Отречение». 02.40 «Адастан кыз», өзбек т/х. 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар.

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 07:00 Jaidarman. 08:00 «Серт пен сезім».

01:45 «Сулеймен Султан». 03:00 «Ұлым». 03:45 «Astana times». 04:35 «Айтарым бар». 05:20 «Күлпаштың хикаялары» т/х .

КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07.30 «Аманат», өзбек т/х. 09.00 «Адастан кыз», өзбек т/х. 10.50 «Отат отбасы». 11.50 Новости. 12.30 «В плену у прошлого». 14.20 «Я жив!», детектив. 16.30 «Отречение». 18.30 «Тоғжан», т/х. 19.30 Кешкі жаңалықтар. 20.00 «Отат отбасы». 21.00 Вечерние новости. 21.40 «В плену у прошлого». 23.35 «Я жив!», детектив. 01.15 «Отречение». 02.40 «Адастан кыз», өзбек т/х. 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар.

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 07:00 Jaidarman. 08:00 «Серт пен сезім». 09:00 «Женский доктор». 10:00 «Гадалка». 10:30 «Незакрытая мишень». 12:30 «Q-елі». 13:20 «Бастық боламын». 14:20 «Серт пен сезім».

20:00 «Astana times». 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Сарай жауһары». 01:00 «Шыңғыс хан» т/х. 01:45 «Сулеймен Султан». 03:00 «Ұлым». 03:45 «Astana times». 04:35 «Айтарым бар». 05:20 «Күлпаштың хикаялары» т/х.

КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07.30 «Аманат», өзбек т/х. 09.00 «Адастан кыз», өзбек т/х. 10.50 «Отат отбасы». 11.50 Новости. 12.30 «В плену у прошлого». 14.20 «Я жив!», детектив. 16.30 «Отречение». 18.30 «Тоғжан», т/х. 19.30 Кешкі жаңалықтар. 20.00 «Отат отбасы». 21.00 Вечерние новости. 21.40 «В плену у прошлого». 23.35 «Я жив!», детектив. 01.15 «Отречение». 02.40 «Адастан кыз», өзбек т/х. 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар.

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 07:00 Jaidarman. 08:00 «Серт пен сезім».

«Сарай жауһары». 01:00 «Шыңғыс хан» т/х. 01:45 «Сулеймен Султан». 03:00 «Ұлым». 03:45 «Astana times». 04:35 «Айтарым бар». 05:20 «Күлпаштың хикаялары» т/х.

КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07.30 «Аманат», өзбек т/х. 09.00 «Адастан кыз», өзбек т/х. 10.50 «Отат отбасы». 11.50 Новости. 12.30 «В плену у прошлого». 14.20 «Я жив!», детектив. 16.30 «Отречение». 18.30 «Тоғжан», т/х. 19.30 Кешкі жаңалықтар. 20.00 «Дау-дамайсыз». 20.35 «КТКweb». 21.00 Вечерние новости. 21.30 «Снепирпортжак». 22.00 «Тихие люди». 01.35 «Отречение». 02.20 «Адастан кыз», өзбек т/х. 03.40-04.10 Кешкі жаңалықтар.

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 07:00 Jaidarman. 08:00 «Серт пен сезім». 09:00 «Женский доктор». 10:00 «Гадалка».

«Сулеймен Султан». 02:50 «Ұлым». 03:30 «Астана кеші көңілді». 04:10 «Үздік әзілдер».

КТК

07:05 “Мерекелік концерт”. 07.30 “Еркіндік күні”, т/х. 08.00 “Көңілді отбасы”. 09.00 Новости. 09.40 “Смеяться разрешается”. 11.30 “Тихие люди”. 15.20 “Зұлмат”, к/ф. 17.00 “Алдараспан”. 20.00 “Ақ мама”. 21.00 “Большие новости”. 22.00 “Верить и жалеть”. 01.30 “Отречение”. 02.10 “Зұлмат”, к/ф. 03.30-04.20 “Көңілді отбасы”.

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:30 «Гу-гулет». 07:00 «Япырай». 07:30 «Крәйтты қонақ». 08:00 Jaidarman. 10:00 «Орел и решка». 11:00 «Никогда не разговаривай с незнакомками». 15:00 к/ф «Биші қыз».

алақан». 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:40 «Жол» Х/ф. 01:30 «Сулеймен Султан». 02:50 «Ұлым». 03:30 «Астана кеші көңілді». 04:00 «Аялы алақан». 04:15 «Үздік әзілдер».

КТК

07:05 “Мерекелік концерт”. 07.30 “Эн мен әнші”. 09.30 “Дом культуры и смека”. 11.50 “Верить и жалеть”. 15.30 “Намыс”, к/ф. 17.00 “Эн мен әнші”. Ар ма, өз Наурыз! 20.00 “Ақ мама”, реалисти-шоу. 21.00 “Портрет недели”. 22.00 “Полицейский роман”. 23.50 “Отречение”. 00.40 “Намыс”, к/ф. 01.50 “Эн мен әнші”. Ар ма, өз Наурыз! 03.50-04.30 “Мерекелік концерт”.

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:30 «Гу-гулет». 07:00 «Япырай».

далка». 10:30 «Осколки». 12

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!


«Saryarqa» газеті «Қыз өссе – елдің көркі» атты сұлулар байқауын ұйымдастырады. Байқауда 18-35 жас аралығындағы сәні мен сымбаты келісті, өз кәсібінде биіктен көріне білген нәзікжандылар бақ сынай алады. Әр ай сайын газет бетіне суреті жарияланған арулар арасында «Saryarqa» газетінің сайты мен фейсбук және инстаграм әлеуметтік желілерінде публикациялар жарық көріп, лүпіл (лайк) санымен жеңімпаз анықталады. Жыл соңында ең көп лүпіл жинаған сұлуларға жүлделі орындар тағайындалып, кәделі сыйлықтар табысталатын болады. Байқауға қатысушылар бет-әлпеті, бойы анық көрінетін сапалы фотолары мен өздері туралы қысқаша ақпаратты sa_jez@mail.ru электронды мекен-жайына немесе 8777 457 3172 уатсап нөміріне жолдай алады.

Қыз өссе – елдің көркі



Ажар ҚОМАР

11.02.2006 жылы өмірге келген. Ажар №13 ЖББМ-нің түлегі. 2020 жылы 9-сыныпты тәмамдағаннан кейін Жезқазған көлік және бизнес колледжіне оқуға түсті. Ол студенттік күндерін қоғамдық өмірдегі жетістіктерімен әсемдеп келеді. Сырбай Мәуленовтың 100 жылдығына орай ұйымдастырылған республикалық мәнберлеп оқу байқауында 1-орынды иеленді. Таяуда қалалық «Арқа аруы – 2022» байқауында Бас жүлдені қанжығасына байлаған Ажар әлі де талмай еңбектеніп, жақындары мен ұстаздарының үмітін ақтай беретініне сенімді.



Gayhar МҮСТАФИНА

11.01.2004 жылы дүниеге келген. Қаламыздағы №13 мектептің түлегі. Бүгінгі таңда Алатау бөктеріндегі Әбу Насыр әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде білім алуда. Болашақта биология және биотехнология саласын жітік меңгеріп, білікті маман болуды армандайтын ару қыз қоғамдық іс-шараларда да белсенді. Өзін фотомодель ретінде де танытып үлгерген Gayhar болашақта кәсіби білімін одан әрі жалғастырып, елінің дамуы үшін еңбек етуді мақсат тұтқан.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Қадірлі сыныптасымыз, Теректі ауылының тумасы **Қобылан Ермекулды ҚАРАБАЕВ!**



Сізді 50 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілейміз. Құтты болсын мерейтой 50 жасың, Әр уақытта домалап өрге тасың. Қосағыңмен қоса ағарып шөбере сүй, Ешқашанда көңіліңді кір шалмасын.

Ақ тілекпен, Теректі ауылының 1989 жылғы түлектері

БАСПАСӨЗ- 2022



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Аймақтық «SARYARQA» газетіне жазылу жыл бойына жүргізілетінін Сіздердің қаперлеріңізге саламыз.

Жазылуды оңтайландыру үшін көрсетілген байланыс нөмірі арқылы (87778902258, Жаннур Т.) «Каспи голд» картасына жазылу құнын аударып, мекенжайыңызды жазып жіберсеңіз алдағы аптадан бастап газетті алатын боласыз.

Құрметпен, аймақтық «SARYARQA» газетінің редакциясы

«Ауыл – алтын бесік» дейміз. Ауылдың талай өрендерге алтын бесік болып, төсінен талай тарландарды түлеткенін жақсы білеміз. Ұлтқа танымал ұлт көсемдері мен би-шешендеріне қанат қаққызған да, үлкен армандарға қол созған мақсат иелеріне қолдау білдіретін де осы – ауыл. Ауылдан басталған кішкентай істердің үлкен болашаққа баспалдақ болатыны айтпаса да түсінікті.



АТ СПОРТЫ – Ауылдан басталады

Биіктерді бағындыру ауылдан басталады. Осыны ескерген терісаққандықтар жыл сайын ұлттық спортты дәріптеп, түрлі шаралар ұйымдастырып тұрады. ЮНЕСКО өкілдерінің қатысуымен өтетін «Терісаққан көктемі» этнофестивалінің аясында атқарылатын игі жұмыстар – өз алдына бір тақырып. Көктем шығып, Жер-ана гүлдене бастаған шақта-ақ Терісаққанда дәстүрді дәріптеу, ұлттық өнерді ұлықтау басталады. Ұлттық ойын түрлері – аламан бәйге, аударыспақ, қол күрес, тенге алу, асау үйрету, көкпар ойынынан додалар ұйымдастырылады. Ауыл тұрғындары ол үшін өкіметтен қолдау күтпейді. Ауыл жастары, ауылдың белсенді азаматтары бар – барлығы бірлесіп өз қара-

жаттарына іс-шара ұйымдастыруды дәстүрге айналдырған. Биыл сол дәстүр ерте басталды. «Ат – ердің қанаты» тақырыбындағы игі шараны Терісаққан ауылының клуб үйі бастады, ауыл жастары қоштады. Ұлттық ат спортының дамуы мақсатында ақпан бітпей, наурызды күтпей жылдағы әрекеттеріне көшті. Ауылдың тай-жабағы мінген балаларын жиып, «тай жарысын», ауылдың білекті хәм жүректі жігіттерін жинап «аударыспақ» ұйымдастырды. Жылдағы өтетін осындай шаралардың нәтижесінде ауыл азаматтарының ұлттық өнерге біршама икемделіп қалғанын байқадық. «Баласы атқа шапса, шешесі үйде тақымын қысады» деген, дүбірлі шараны ауылдың еңкейген қартынан ең-

бектеген баласына дейін келіп тамашалап, қолдау білдірді. Ауыл сырты арқа-жарқа мерекеге айналды. Нәтижесінде аударыспақтан I орынды Қуандық Қожадияс иеленсе, жүлделі II орынды Меғдат Ғазизов, III орынды Ағыбай Әуезхан қанжығасына байлады. Тай жарысында I орынды Нұрасыл Тұрлыбек, II орынды Төрегелді Қами алса, III орын Ақжол Аубакировка бұйырды. Жарыс жүлдегерлеріне мақтау қағаздары мен ақшалай сыйлықтар табыс етілді. Бүгін тайға мінген балалардан ертеңгі күні «Тұлпар мініп, ту алған» – ұлт тізгінін қолына алып, көш бастар ұлан шығады деп үміттенеді ел...

Алпыс АМАНДЫҚ.
Терісаққан ауылы

ЖАҢА КІТАП


«САҒЫНЫШ САЗЫ»

Жуырда Алматы қаласындағы «Үш қиян» баспасынан жарық көрген «Сағыныш сазы» атты кітап белгілі ақын, журналист **Ибраһим БЕКМАХАНҰЛЫНЫҢ** рухына арналған.

1951 жылы Қызылорда облысы Қармақшы ауданында дүниеге келген оның саналы ғұмыры Арқа жерінде, соның ішінде Жезқазған қаласымен тығыз байланысты болды. Ол 2021 жылы өмірден озған еді.

Кітап үш бөлімнен тұрады. «Сырда туған сыр-базым» бөлімінде И. Бекмаханұлы туралы замандастарының естеліктері, оның шығармашылығы жөніндегі мақалалар, «Тұғырынан түлеп Тұранның...» деген бөліміне ол өмірден өткен соң оның рухына бағышталып Қызылорда және Қарағанды облыстарында өткізілген мүшәйрадағы өлеңдер топтастырылған. Ал, «Жыр-сандық» бөліміне Ибраһимнің бұрын жарияланбаған өлеңдері жинақталған.

Абдолла НҰРТАУҰЛЫ



ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!

Біз үшін елдің мүддесі, оқырманның тілегі басты орында. Осы мақсатта «Оқырман отауы» айдарын қайта жаңғырттық. Осыған байланысты қала, ауданның тыныс-тірлігіне байланысты талап-тілегіңіз туындаса, ұсыныс-пікіріңіз болса, тайсалмай айтыңыз, ірікпей жазыңыз! Ол үшін **Whatsapp** әлеуметтік желісінде арнайы нөмір қосып отырмыз. Бұқараның базынасына үн қатуға әрқашан әзірміз.

Байланыс нөміріміз 8(701)-118-88-08.

Қадірлі оқырман!

Аймағымыздың уақыт талабына сай алға басуы үшін әрқайсысымыз ат салысып, қалауымызды айтып, талабымызды қояйық. Шешілуіне де бірлесе жұмылайық.

Құрметпен, аймақтық «SARYARQA» газеті!

Whatsapp
8(701)-118-88-08